

«КЕЛІСІЛДІ»

ҚР Туризм және спорт министрлігі  
Спорт және дене шымықтыру  
істері комитетінің төрағасы  
Р. Б. Есеналин



« »

2025 ж.

«БЕКІТІЛДІ»

«Qazaq kuresi»  
Ассоциациясының  
Бас директоры

Д. А. Бекбосынов



« »

2025 ж.

# ҚАЗАҚ КҮРЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІ



Астана, 2025 ж.

2.11.2025

Handwritten signature

Handwritten signature



## КІРІСПЕ

Қазақ күресі осы Ережеге сай өтетін және мақсаты қарсыласын лақтырып, «Таза жеңіс» немесе ұпай басымдылығы арқылы жеңіске жетуді көздейтін күрес түрі.

2016 жылы ЮНЕСКО қазақ күресін адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының тізіміне енгізіп, оның төзімділік, ізгі ниет және ынтымақтастық қағидаттарына негізделгенін атап өтті, сондай-ақ қауымдар арасындағы өзара қарым-қатынасты нығайтуға қосқан үлесін жоғары бағалады.

Осы Ереже қажет болған жағдайда өзгеріске ұшырауы мүмкін. Өзгертілген ереже барлық спортшыларға, жаттықтырушыларға, төрешілерге, басшыларға ескертіліп, қабылданады. Бұл Ереже спортшыларды көрермендердің жоғары бағасы мен разылығы/ілтипаты үшін адал және таза күресуге шақырады.

<b>Негізгі ережелер.....</b>	<b>4</b>
Максаты.....	4
Интерпретация.....	4
Ережелерді қолдану.....	4
<b>1 ТАРАУ – МАТЕРИАЛДЫҚ</b>	
<b>ҚҰРЫЛЫМ.....</b>	<b>4</b>
<b>1.1 бап – Ролл-мат.....</b>	<b>5-6</b>
<b>1.2 бап – Киім үлгісі.....</b>	<b>6-7</b>
Беренге қойылатын талап.....	6
Салмақ өлшеу рәсіміндегі ер және әйел спортшылардың киім үлгілері.....	7
Киім үлгісінің бұзушылықтары.....	7
<b>1.3 бап – Қатысушының лицензиясы.....</b>	<b>7</b>
<b>1.4 бап - Жас, салмақ және жарыс санаттары.....</b>	<b>8</b>
<b>2 ТАРАУ – Жарыстар және бағдарламалар.....</b>	<b>10-11</b>
<b>2.1 бап – Жарыс жүйесі.....</b>	<b>11</b>
<b>2.2-бап - Жарыс бағдарламасы.....</b>	<b>11</b>
<b>2.3-бап - Марапаттау рәсімдері.....</b>	<b>11</b>
<b>3 ТАРАУ - ЖАРЫС.....</b>	<b>12</b>
<b>3.1-бап – Салмақ өлшеу.....</b>	<b>12</b>
<b>3.2 бап – Кездесулер мен жеребе тарту тәртібі.....</b>	<b>12-13</b>
<b>3.3 бап - Бастапқы тізім.....</b>	<b>13</b>
<b>3.4 бап - Жарыстан шығару.....</b>	<b>13-14</b>
<b>4 ТАРАУ - ТӨРЕШІЛЕР АЛҚАСЫ.....</b>	<b>15</b>
<b>4.1 бап - Құрамы.....</b>	<b>15</b>
<b>4.2 бап - Жалпы міндеттер.....</b>	<b>15</b>
<b>4.3 бап – Төрешілердің киім үлгісі.....</b>	<b>15</b>
<b>4.4 бап - Кілемдегі төреші (рефери).....</b>	<b>15-16</b>
<b>4.5 бап - Кілем жетекшісі.....</b>	<b>16</b>
<b>4.6 бап – Төрешілер алқасының жазалары.....</b>	<b>17</b>
<b>5 ТАРАУ – Күрес.....</b>	<b>17</b>
<b>5.1 бап – Күрес уақыты.....</b>	<b>17</b>
<b>5.2 бап - Кілемге шақыру.....</b>	<b>17</b>
<b>5.3 бап - Спортшыларды таныстыру.....</b>	<b>17</b>
<b>5.4 бап - Кездесудің басталуы және жалғастыруы.....</b>	<b>18</b>
<b>5.5 бап – Күресті тоқтату және жалғастыру.....</b>	<b>18-19</b>
<b>5.6 бап – Күрестің аяқталуы.....</b>	<b>19</b>
<b>5.7 бап. Жеңіс түрлері.....</b>	<b>19-20</b>
<b>5.8 бап - Жаттықтырушы.....</b>	<b>20</b>
<b>5.9 бап – Челлендж.....</b>	<b>21</b>
<b>5.10 бап – Жеке кездесу жүйесімен өтетін жарыстардағы командалық рейтингісі.....</b>	<b>21-22</b>
<b>6 ТАРАУ – Әдіс ұпайлары.....</b>	<b>22</b>
<b>6.1 бап – Ұпайларды жазу.....</b>	<b>22</b>
<b>6.2 бап – Бағалауларды жазу.....</b>	<b>22</b>
<b>6.3 бап – Әрекеттер мен тәсілдер үшін ұпайларды есептеу.....</b>	<b>22-24</b>
<b>6.4 бап – Шешім және дауыс беру.....</b>	<b>25</b>
<b>6.5 бап – Жарақат және қан кету уақыты.....</b>	<b>27</b>
<b>7 ТАРАУ – Күрестен кейін берілетін квалификациялық ұпайлар.....</b>	<b>25</b>
<b>7.1 бап – Квалификациялық ұпайлар.....</b>	<b>25-26</b>
<b>8 ТАРАУ – ЕСКЕРТУ.....</b>	<b>26</b>
<b>8.1 бап – Сылбырлық үшін ескертулер.....</b>	<b>26</b>
<b>8.2 бап – Тыйымға байланысты ескертулер.....</b>	<b>27</b>
<b>9 ТАРАУ. «ҚАТАҢ ЕСКЕРТУ» (дисквалификация).....</b>	<b>27</b>
<b>9.1 бап – Негативті күрес.....</b>	<b>28</b>
<b>10 ТАРАУ. НАРАЗЫЛЫҚ.....</b>	<b>28</b>
<b>10.1 бап - Наразылық.....</b>	<b>28</b>
<b>11 ТАРАУ. МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК.....</b>	<b>28</b>

<b>11.1 бап – Медициналық көмек .....</b>	<b>28</b>
<b>11.2 бап – Медициналық қызметтің араласуы .....</b>	<b>28-29</b>
<b>11.3 бап – Салмақ түсіру .....</b>	<b>29</b>
<b>11.4 бап – Медициналық шеттету.....</b>	<b>29</b>
<b>11.5 бап – Допингке қарсы .....</b>	<b>30</b>
<b>12 ТАРАУ - ҚАЗАҚ КҮРЕСІНІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІН ҚОЛДАНУ .....</b>	<b>30</b>
<b>ПРИЛОЖЕНИЕ 1.....</b>	<b>31-34</b>

## **НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **Мақсаттары**

UWW-дың Жарғысына, Қаржылық және Тәртіптік регламенттеріне, халықаралық жарыстарды ұйымдастыруды реттейтін жалпы ережелерге, сондай-ақ барлық арнайы регламенттерге сәйкес әзірленген қазақ күресінің Ережесі келесі нақты мақсаттарды көздейді:

- жарыстың өтуіне қажетті практикалық және техникалық шарттарды анықтау;
- жарыс жүйесін, жеңіс пен жеңіліс, класификациялау, ескерту, жеребе, қатысушыларды іріктеу, жарыстан шығу, наразылықты қарастыру және т.б. анықтау;
- қазақ күресінің әдістері мен әрекеттері үшін ұпай беру критерийларын бекіту;
- тыйым салынған әдістер мен әрекеттерді бекіту;
- ресми тұлғалардың техникалық қызметін анықтау.

### **Интерпретация**

Осы Ереженің кез-келген бабын түсіндіруге қатысты келіспеушіліктер туындаған жағдайда, UWW-дің Атқару комитеті қарастырылып отырған баптың нақты мағынасын анықтауға айрықша құқылы. Ағылшын тіліндегі мәтін басым күшке ие.

### **Ережені қолдану**

Бұл Ережені қазақ күресінен өтетін барлық жарыстарда қолдану міндетті болып табылады.

Осы Ереже спортшылардың қауіпсіздігі мен тәртібін қамтамасыз ету үшін UWW рұқсат берген барлық халықаралық жарыстарда қолданылады. Лицензия екі елден астам қатысушысы бар халықаралық жарыстар үшін міндетті. Әрбір халықаралық жарыс туралы UWW-ге хабарлап, оның ресми күнтізбесіне қосу қажет. UWW-дің сақтандыруы тек оның күнтізбесінде көрсетілген жарыстарға қатысты қолданылады.

UWW-дің күнтізбесіне еңбеген халықаралық турнирлер барысында жарыстарды өткізу тәртібі UWW, Qazaq Kuresi ассоциациясы және барлық қатысушы елдердің келісімімен жүзеге асырылады.

## **1 ТАРАУ – МАТЕРИАЛДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ**

### **1.1 бап – Ролл-мат**


Спорт қауымдастығында кең қолданылатын термин болғандықтан бұдан әрі «Ролл-мат» сөзінің орнына «Кілем» сөзін қолдану мүмкіндігі бар.

UWW-мен келісілген, көлемі 12x12 метр, ал ортасындағы жалпақ жолақты шеңбердің сыртқы диаметрі 9м және көлемі 1,50 метрлік қауіпсіздік аймағымен қоршалған Ролл-мат/кілем қазақ күресінен өтетін барлық жарыстар үшін міндетті болып табылады.

Халықаралық жарыстарда, Әлем және континенттік чемпионаттарда дене қыздыруға арналған жаттығу кілемдерін UWW мақұлдауы керек, ол жарыс кілемдерімен бірдей сапалы болуы тиіс.

Ені 1м болатын қызғылт сары жолақпен сызылған, ал диаметрі 9м құрайтын шеңбер күрес аймағының ажырамас бөлігі болып табылады.

Кілемнің әртүрлі бөліктерін белгілеу үшін келесі терминдер қолданылады:



Орталық шеңбер кілемнің ортасын көрсетеді (диаметрі 1м). Қызғылт сары шеңбердің ішкі бөлігі күресудің орталық аймағы (диаметрі 7м) болып табылады. Пассивті аймақ (қызғылт сары жолақ) ені 1м, қауіпсіздік аймағының ені 1м 50 см құрайды.

Барлық Әлем чемпионаттары мен континенттік жарыстарда кілем биіктігі 1м 10 см-ден аспайтын және 0м 80 см-ден төмен емес тұғырға жайылады. Кілемнің айналасындағы тұғырдың қауіпсіздік аймағы 2 метрден кем болмауы тиіс. Бірнеше кілем қолданылған кезде олардың арасындағы қашықтық 2 метрді құрауы керек.

Барлық жағдайларда қорғаныс аймағының түсі кілемнің түсінен өзгеше болуы тиіс. Кілемнің айналасындағы тұғырдың ағаш едені мықтап бекітілген жұмсақ жабынмен жабылуы керек. Қауіпсіздік мақсатында табло тұғырдан бөлек орналастырылуы тиіс.

Қазақ күресінде United World Wrestling (UWW) өлшемдерінің және голограммаларының барлық талаптары сақталған кілемдер пайдаланылады.

Беті:

Беті табиғи теріге ұқсас бедерлі, жалпы тығыздығы 820 г/м<sup>2</sup>, көк түсті VINIL спорттық мата.

Жолақтардың қосылуы:

VELCRO жапсырмасын бекіту – бірінші бөлігі негізге 5 мм-ге батырылады, екінші бөлігі тегіс жабын болып жапсырма арқылы жабыстырылады.

Құжаттар:

Ролл-мат өндірушінің бірегей нөмірі бар сертификаты мен паспорты.

Кілем кірлемеуі үшін әр жарыс сессиясының алдында тазаланып, дезинфекциялануы керек.

Әр спортшының өкілі кілемнің өз жағындағы арнайы орынға орналасады (шаршы мен орындық). Қызыл спортшының өкілі (реферидің артынан) оң жақта, ал көк спортшының өкілі сол жақта болады.

Жарыстың қауіпсіз өтуін қамтамасыз ету үшін кілем айналасында кең ашық кеңістік болатындай жерде төселуі тиіс.

UWW мен кілем өндірушісінің логотиптеріне қатысты барлық мәліметтер United World Wrestling штаб-

пәтеріне жіберіліп, ол кілем өндірушілеріне жіберілген нұсқауларға сәйкес болуы керек.

## 1.2 бап – Киім үлгісі

Барлық жас санаттарындағы спортшылар жарыстарға қатысу үшін қазақ күресіне арналған UWW киім үлгісінің ережелерін сақтаулары керек.

Қазақ күресінің киімі – берен, оның белбеуі мен жолақтары қызыл немесе көк түсті болып айқындалады және ол ақ матадан тігіледі.



### **Беренге қойылатын талап**

1. Берен – күртешеден, шолақ шалбардан және белбеуден тұрады. Ол арнайы берік ақ түсті матадан тігіледі.

2. Берен – күрес формасы, берен күртешесінің етегі санның бөлігін жабатындай ұзын болады. Күртешенің екі етегі белбеуден төмен 20 см айқасып қабаттасады. Жеңінің ұзындығы шынтақ буынынан 10 см төмен және 15 см кең болады. Береннің күртешесінің екі жанында белдікті өткізіп байлайтын екі тесігі болады. Беренге эмблемалар немесе логотиптарды тек «Qazaq kuresi» ассоциациясының келісімімен жапсыруға және тігуге болады.

3. Шолақ шалбар – ақ түсті жеңіл берік матадан тігіледі. Шолақ шалбардың екі жағынан тиісті түсті қос жолағы болады. Балақтың ұзындығы тізеден 10 см төмен және тізе буынынан 15 см кең болуы керек. Шолақ шалбардың төменгі жағында ұзындығы 5 см кесігі бар. Шолақ шалбар спортшының беліне баумен байланады.

4. Белбеу – ені 5 см көк немесе қызыл түсті берік матадан тігіледі, оның ұзындығы белді екі айналдырып орауға жетеді. Байлағаннан кейін белбеудің бос ұштарының ұзындығы 20 см болуы керек.

Қызыл немесе көк белбеудің матасы тұрақты бояғыштармен боялған синтетикалық матадан жасалуы тиіс.

5. Ер адамдар (жасөспірімдер, ұлдар) берен мен шолақ шалбардың астынан (іш киімнен басқа) ештеңе кимейді. Ал әйелдер (бойжеткендер, қыздар) береннің ішінен тығыз матадан тігілген ақ футболканы киюлері керек. Сондай-ақ әйелдер мен қыздарға басына орамал мен денесін береннің ішінен толық жабатын рашгард киюге болады.

6. Күреске шықпас бұрын төрешілер спортшының беренінің Ережеге сәйкестігін тексереді. Егер берен Ережеге сәйкес келмесе, төрешілер оны ауыстыруға нұсқау береді.

7. Спортшының жарысқа киетін берені екі жылдан артық киілген болмауы тиіс, яғни тозбаған және өңі кетпеген болуы керек.

8. Спортшы қазақ күресінен басқа қандай да бір іс-шараға беренді киіп қатысуы үшін Qazaq Kuresi Ассоциациясының (QKA) келісімін алуы тиіс.



## Салмақ өлшеу рәсiмiндегi ер және әйел спортшылардың киiм үлгiлерi

Спортшылар береннiң шолақ шалбарымен және ақ футболкамен өлшенедi (әйелдер мен қыздарға орамал мен рашгард киюге рұқсат).

Футболка мен шолақ шалбардың есесiне негiзгi салмақ дәрежесiнен 500 грамм көлемiнде асуға жеңiлдiк бар.

### Ережелердi сақтау бойынша жауапкершiлiк

UWW-дiң барлық iс-шараларында ұлттық федерациялар өз делегацияларының мүшелерi киетiн немесе пайдаланатын заттардың осы Ереженiң шарттарына сәйкес болуын қамтамасыз етуге жауапты.

### Киiм үлгiсiнiң бұзушылықтары

Төрешi салмақ өлшеу кезiнде әрбiр спортшының осы Ереженiң талаптарына сәйкес келуiн тексеруi керек. Егер спортшының киiмi талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, ол салмақ өлшеуге жiберiлмейдi.

Спортшы Ережелердi сақтамаса, жарыс аяқталғаннан кейiн оның федерациясына айыппұл салынады. Киiм үлгiсi талапқа сәйкес келмейтiн спортшы кiлемге жiберiлмейдi. Ол жарыстан шеттетiледi (дисквалификация) және оның қорытынды ұпайы есепке алынбайды.

### **Тыйым салынады:**

- баска елдiң немесе команданың эмблемасы мен аббревиатурасы бар жапсырманы қолдануға;
- жаракат алу жағдайларын қоспағанда және дәрiгердiң рұқсатынсыз саусақтарға, бiлектерге, қолдарға немесе тобықтарға 5 мм-ден қалың таңғыштар киюге немесе тағуға;
- сакиналар, бiлезiктер, протездер, пирсингтер және т.б. сияқты қарсыласқа жаракат келтiруi мүмкiн кез келген заттарды киюге;
- әйел спортшылар үшiн сүйектi көкiрекшелер киюге.

### 1.3 бап – Қатысушының лицензиясы

UWW күнтiзбесiнде тiркелген Әлем чемпионаттарына, континентальды чемпионаттарға, кубоктар мен ойындарға, аймақтық ойындарға, сондай-ақ дүниежүзiлiк және континентальдық лигаларға, халықаралық турнирлерге қатысатын U13, U15, U17, U20, U23, ересек және ардагер санаттарындағы кез-келген ер немесе әйел спортшылар арнайы регламентке сәйкес халықаралық қатысушы лицензиясына ие болулары керек.

Сонымен қатар, бұл лицензия спортшы қатысатын халықаралық жарыстар кезiнде жаракат алған жағдайда медициналық және ауруханалық шығындарды өтеу үшiн сақтандыру ретiнде қолданылады.

Лицензия тек ағымдағы жылға жарамды және ол жыл сайын жаңартылуы тиiс.

Лицензия алу туралы спортшының өтiнiшi жарысқа дейiн кемiнде 1 ай бұрын жiберiлуi керек. Бұл уақыт процедураны аяқтауға және лицензияны тексеруге жеткiлiктi болуы үшiн бекiтiлген.

### 1.4-бап - Жас, салмақ және жарыс санаттары

#### **Жас санаттары:**

U13: 12-13 жас

U15: 14-15 жас (13 жастан бастап дәрiгер мен ата-ананың рұқсатымен\*)

U17: 16-17 жас (15 жастан бастап дәрiгер мен ата-ананың рұқсатымен\*)

U20: 18-20 жас (17 жастан бастап дәрiгер мен ата-ананың рұқсатымен\*)

U23 18-23 лет (17 жастан бастап дәрiгер мен ата-ананың рұқсатымен\*)

Seniors (ересектер) 19 жас және жоғары (18 жастан бастап дәрiгер мен ата-ананың рұқсатымен\*)

Veterans (спорт ардагерлерi) 35 жастан жоғары.

\*Athena жүйесінде UWW лицензиясын сатып алу медициналық және ата-ананың рұқсаты бар бір жылдық медициналық анықтама мен спортшы декларациясын ұсыну арқылы рәсімделеді. Барлық деңгейдегі жарыстарға спорттық сақтандыру полисі мен медициналық рұқсаттама міндетті болып табылады.

Ересектер арасындағы жарыстарға 18 жасқа толған спортшылар жіберіледі.

Әр қатысушыға сертификатты ұлттық федерацияның президенті береді, ол спортшының жасын куәландырады. Бұл сертификат UWW ұсынған үлгіге сәйкес ұлттық федерацияның бланкісінде жасалуы керек.

Спортшы жарысқа тек өзінің лицензиясында көрсетілген елдің атынан қатыса алады. Егер UWW кез келген уақытта мәлімдеменің жалған екенін және алаяқтық орын алғанын анықтаса, тәртіптік шара ұлттық федерацияға, спортшыға және жалған сертификатта қолы қойған адамға қатысты қолданылады.

Азаматтығын өзгерткісі келетін спортшылар азаматтығын өзгерту жөніндегі халықаралық регламентке жүгінулері керек. Спортшылар өз азаматтығын бір рет қана өзгерте алады. Азаматтықты ауыстыру процедурасы аяқталғаннан кейін олар енді United World Wrestling аясында ұйымдастырылған ресми жарыстарда бұрынғы елінің немесе кез-келген басқа елдің атынан шығуға құқылы болмайды.

Жарысқа қатысатын әрбір лицензиясы бар спортшы автоматты түрде UWW-мен және QKA-мен оның түсірілген суретін жарыста немесе алдағы жарыстарды жарнамалау үшін пайдалану туралы келісімге отырады. Егер спортшы осы шарттармен келісуден бас тартса, өтініш беру кезеңінде бұл туралы мәлімдеуі керек, сәйкесінше ол жарыстан шығарылуы мүмкін.

#### **Салмақ санаттары:**

#### **Қазақ күресіндегі ерлер мен әйелдердің салмақ дәрежелері келесідей (килограмм):**

##### U13

- ұл/қыз: -32, -35, -38, -42, -46, -50, -55, -60, -65, +65 кг.

##### U15

- ұл: -42, -46, -50, -55, -60, -65, -70, -75, -80, +80 кг.

- қыз: -40, -44, -48, -52, -56, -60, -65, +65 кг.

##### U17

- ұл: -50, -55, -60, -65, -70, -76, -82, -90, +90 кг.

- қыз: -44, -48, -52, -56, -60, -65, -70, -75, +75 кг.

##### U20

- ұл: -55, -60, -66, -74, -82, -90, -100, +100 кг.

- қыз: -48, -52, -56, -60, -65, -70, -77, +77 кг.

##### U23

- ерлер: -55, -60, -66, -74, -82, -90, -100, +100 кг.

- әйелдер: -48, -52, -56, -60, -65, -70, -77, +77 кг.

#### **Seniors (ересектер)**

- ерлер: -55, -60, -66, -74, -82, -90, -100, +100 кг.

- әйелдер: -48, -52, -56, -60, -65, -70, -77, +77 кг.

#### **Veterans (спорт ардагерлері)**

- ерлер: -60, -66, -74, -82, -90, -100, +100 кг.

- әйелдер: -48, -52, -56, -60, -65, -70, -77, +77 кг.

Өз еркімен қатысады деп есептелетін және өзі үшін жауап беретін әрбір қатысушы ресми салмақ өлшеу кезіндегі салмағына сәйкес келетін тек бір салмақ дәрежесінде күресе алады.

Абсолюттік салмақ дәрежесінде қатысушыларды жарысқа жіберу шартын Qazaq Kuresi Ассоциациясы анықтайды.

#### **Жарыстар**

Әртүрлі жас санаттарына арналған халықаралық жарыстар:

U13 Халықаралық жарыстар

12-13 жас Континенталдық жарыстар (сұрау бойынша)

Әлем чемпионаты (сұрау бойынша)

U15 14-15 жас	Халықаралық жарыстар Континенталдық жарыстар (сұрау бойынша) Әлем чемпионаты (сұрау бойынша)
U17 16-17 жас	Халықаралық жарыстар Континенталдық жарыстар (сұрау бойынша) Әлем чемпионаты (жыл сайын)
U20 18-20 жас	Халықаралық жарыстар Континенталдық жарыстар (сұрау бойынша) Әлем чемпионаты (жыл сайын)
Seniors (ересектер) 20 жас және жоғары	Халықаралық жарыстар Континенталдық жарыстар (жыл сайын) Әлем чемпионаты (жыл сайын) Әлем кубогі (жыл сайын)
Veterans (ардагерлер) 35 жас және жоғары	Әлем чемпионаты (сұрау бойынша) <i>Санаттар және арнайы ережелер</i>

Жарыстың басқа түрлерін United World Wrestling мақұлдағаннан кейін ұйымдастыруға болады.

## **2 ТАРАУ – ЖАРЫСТАР ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАЛАР**

### **2.1 бап – Жарыс жүйесі**

#### **Athena жүйесі**

UWW (United World Wrestling) аясында өткізілетін барлық ресми жарыстарда Athena ақпараттық жүйесі қолданылады.

Athena – халықаралық деңгейде енгізілген бірыңғай тіркеу және басқару платформасы. Бұл жүйе арқылы спортшыларға, төрешілерге және жаттықтырушыларға лицензия рәсімделеді, сондай-ақ ұлттық федерациялар ұсынған делегация құрамындағы ресми тұлғалардың тізімі тіркеледі.

Athena жүйесіне қолжетімділік әрбір ұлттық федерацияға UWW тарапынан берілетін жеке логин мен пароль арқылы жүзеге асырылады. Федерациялар осы деректерді пайдаланып, өз делегациясының барлық мүшелерін жүйеге уақтылы тіркеуге міндетті (<https://athena.uww.org/login>).

Athena жүйесіне тіркеу кезінде әрбір делегация мүшесі туралы толық әрі дұрыс ақпарат енгізілуі міндетті. Құжаттар қатарына жеке төлқұжат деректері, жарамды фотосурет, лицензияға өтінім, сондай-ақ спортшылар үшін медициналық анықтама кіреді. Уақтылы ұсынылмаған немесе дұрыс рәсімделмеген құжаттар қабылданбайды.

Федерациялар ұсынған барлық мәліметтердің толық әрі шынайы болуына тікелей жауап береді. Егер жалған немесе дұрыс емес ақпарат анықталса, спортшыға немесе делегация мүшесіне лицензия берілмейді және жарысқа қатысуына рұқсат етілмейді. Athena жүйесінде тек спортшылар ғана емес, жаттықтырушылар, төрешілер, дәрігерлер, массажистер, команда жетекшілері, ресми делегаттар және өзге де қызметкерлер тіркеледі. Бұл жүйе делегация құрамының айқындылығын қамтамасыз етіп, жарыстың ресми тәртібін сақтауға ықпал етеді.

#### **Arena жүйесі**

UWW аясында өтетін халықаралық жарыстарда Arena бағдарламасы (Competition Management System)

колданылады. Arena – жарысты ұйымдастыру мен өткізудің кешенді цифрлық құралы.

Arena жүйесі арқылы мандаттық комиссияның отырысы жүргізіледі, жеребе тарту рәсімі өткізіледі және қатысушылар ресми жарыстарға тіркеледі. Жүйеге спортшылардың және делегация мүшелерінің төлқұжат деректері, фотосуреттері және лицензиялары енгізіледі. Ал медициналық анықтамалар Arena жүйесімен қатар мандаттық комиссияға ұсынылады.

Сонымен қатар, Arena жүйесінде ресми жарыс күнтізбесі енгізіледі, әрбір белдесудің нәтижелері тіркеліп, нақты уақыт режимінде жарияланады, ресми хаттамалар мен есептер дайындалады және медальдар кестесі жүргізіледі. Arena жарыстың барлық кезеңін толық қамтиды: делегацияны тіркеуден бастап ресми нәтижелерді жариялауға дейін.

### **Жүйелерді қолдану тәртібі**

Athena мен Arena жүйелерін қатар қолдану жарыстардың ашықтығын, әділдігін және халықаралық стандарттарға толық сәйкестігін қамтамасыз етеді. Барлық делегациялар уақытылы паспорт деректерін, фотосуреттерін, лицензияларын және медициналық анықтамаларын енгізуге және ұсынуға міндетті. Бұл талаптардың сақталмауы жарысқа қатысудан шеттетуге негіз болады.

Жарыс спортшылардың идеалды жұп санымен (4, 8, 16, 32, 64 және т.б.), ұтылғандарды жарыстан бірден шығару жүйесі бойынша өтеді. Яғни, егер салмақ дәрежесінде спортшылардың идеалды жұп саны болмаса, квалификациялық кездесулер (привидение) ұйымдастырылады.

Белдесулердің реті жеребе нөмірлерінің кездейсоқ түсуімен жүргізіледі. Екі финалистке де ұтылған барлық спортшыларда «қанағаттандыру» белдесулері болады.

«Қанағаттандырудың» екі бөлек тобы бар: ол жоғарғы және төменгі топтардан шыққан финалистерге ұтылған спортшылардан тұрады.

Қанағаттандыру белдесулері квалификациялық немесе бірінші айналымда ұтылған спортшылардан басталады. Екі

Қанағаттандыру тобының жеңімпаздары финалдық белдесуге жолдама үшін ұтылған өз тобындағы спортшымен қола медаль үшін күреседі.

Әр салмақ дәрежесі бойынша белдесулер бір күнде өткізіледі. Жеребе рәсімі жарыс басталғанға дейін мандаттық комиссияның отырысында автоматты түрде немесе қолмен тиісті нөмірлерді тарту арқылы өтеді. Медициналық бақылау және салмақ өлшеу рәсімі жарыс күні таңертең жүргізіледі.

### Жарыс бағдарламасы:

Таңертең:

- Квалификациялық кезең
- Іріктеу кезеңдері

Түс кезі:

- Қанағаттандыру кезеңі
- Ақтық кезеңі

### Жіктеу критерийлері

Әр салмақтағы 7-ші орыннан кейінгі (8, 9, 10 және т.б.) орындарға тұрақтаған спортшылар жинаған классификациялық ұпайларына сәйкес қорытынды рейтингке ие болады.

Рейтингте тең болған жағдайда, спортшылар келесі критерийлерге сәйкес талданып, тиісті орынға ие болады.

**Жіктеу критерилері:**

- жеке кездесу (қолдану мүмкін болса);
- «ТАЗА» жеңіс саны;
- «АЙҚЫН БАСЫМДЫЛЫҚ» саны;
- «ЖАРТЫЛАЙ ЖЕҢІС» ұпайларының саны;
- «ЖАМБАС» ұпайларының саны;
- жеребе нөмірі ең төмен спортшы.

**Бір салмақ дәрежесінде 8-ден аз спортшы қатысса, жарыс айналмалы жүйемен (круговая) өтеді.**

Егер бір салмақ дәрежесінде 8-дан аз спортшы тіркелсе, олар екі топқа бөлінеді және әр топтың спортшылары бір-бірімен күреседі.

Құрлықтық және әлемдік чемпионаттарда тек 1 спортшы қатысатын салмақ дәрежесінің нәтижесі жойылады (атақ пен медаль берілмейді).

Жоғарыда айтылғандай, әр топтағы спортшылар өз тобының барлық спортшыларымен күреседі (айналмалы жүйеде А және В тобындағы жеңімпазды анықтау үшін арнайы рейтинг критерийлері қолданылады). Топтар ішіндегі рейтинг жартылай финалға шыққан жұптарды анықтау үшін қолданылады.

Жартылай финалдық белдесулерге келесілер шығады:

- А тобындағы (жоғарғы топ) бірінші орын В тобындағы (төменгі топ) екінші орынға қарсы;
- А тобындағы (жоғарғы топ) екінші орын В тобындағы (төменгі топ) бірінші орынға қарсы.

Алтын медаль үшін кездесу жартылай финал жеңімпаздары арасында, ал қола үшін кездесу жартылай финалда жеңілгендердің арасында өтеді. Бұл жағдайда тек бір қола медаль беріледі. (қанағаттандыру белдесулері өтпейді).

**Айналмалы жүйеге арналған рейтинг критерийлері**

Айналмалы жүйеде ең көп жеңіске жеткен спортшы бірінші орынға ие болады. Егер бір топта екі спортшының жеңістері бірдей болса, олардың тікелей кездесуі жеңімпазды анықтайды.

Бір салмақ дәрежесіндегі спортшылар арасындағы нәтижелер тең болған барлық жағдайларда жеңімпаз келесі критерийлер бойынша анықталады.

**Жіктеу критериялары:**

- жеке кездесу (қолдану мүмкін болса);
- «ТАЗА» жеңістерінің ең көп саны;
- «Айқын басымдылық» жеңістерінің саны;
- ең көп «ЖАРТЫЛАЙ ЖЕҢІС» ұпайының саны;
- ең көп «ЖАМБАС» ұпайының саны;
- жеребенің ең төменгі нөмірі.

**2.2 бап – Жарыс бағдарламасы**

Барлық чемпионаттар мен турнирлердің жарыс бағдарламалары UWW күнтізбесінде және жарыс регламенттерінде жарияланады.

**2.3 бап – Марапаттау рәсімі**

Марапаттау рәсіміне өз рейтингіне сәйкес медаль мен диплом алатын әр салмақ дәрежесінің алғашқы төрт жеңімпаз спортшысы қатысады.

1-орын

Алтын медаль + диплом

2-орын	Күміс медаль + диплом
Екі 3-орын	Қола медаль + диплом

*Айналмалы жүйе қолданылған салмақ дәрежелерінде тек бір қола медаль беріледі.*

**Ескертпе:** Спортшылар өздерінің ұлттық туын немесе клубтық және командалық туларын марапаттау тұғырына алып шыға алмайды. Олар бас киімсіз, беренде немесе жарысты ұйымдастырушының талабына сәйкес ұлттық құраманың костюмінде шығулары керек.

### **3 ТАРАУ – ЖАРЫС**

#### **3.1 бап – Салмақ өлшеу**

Барлық жарыстарда салмақ өлшеу рәсімі жергілікті уақыт бойынша таңғы сағат 7.00–8.00 АМ аралығында тиісті салмақ дәрежелері бойынша өткізіледі. Салмақ өлшеу және медициналық бақылау 60 минутқа созылады.

Спортшылар салмақ өлшеу рәсімінде ақ түсті футболкамен және береннің шолақ шалбарымен өлшенеді (қажет болған жағдайда әйелдерге шашын жабатын орамал мен рашгард киюлеріне рұқсат). Өлшену рәсімінде спортшыларда қосымша киім (шолақ шалбар мен футболка) болғандықтан тиісті салмақ дәрежесінен 500 гр салмақ асыруға рұқсат етіледі. Дәрігер жұқпалы ауруы бар кез келген спортшыны шеттетуге құқылы.

Жарыс қатысушыларының тырнақтары қысқа болуы тиіс.

Халықаралық жарыстарда спортшылар салмақ өлшеу рәсімінің барлық кезеңінде таразыға кезек-кезегімен қалағанынша тұруға құқылы. Ұлттық федерациялар ұйымдастыратын республикалық жарыстарда салмақ өлшеу рәсімі жарыс регламентіне сәйкес өткізіледі.

Салмақ өлшеу рәсімінде жауапты төрешілер барлық спортшылардың тиісті салмаққа сай екенін қадағалап, медициналық бақылаудан және жеребе рәсімінен өткен, лицензиясы бар спортшыларды ғана өлшейді.

Салмақ өлшеуге жауапты төрешілер жеребе нәтижелерін алып, тек лицензиясы бар осы тізімдегі спортшыларды өлшейді.

Егер спортшы салмақ өлшеу рәсіміне келмесе немесе салмағы асып кетсе, ол жарыстан шеттетіледі, оған орын және ұпай берілмейді (**Ескертпе:** Медициналық қызметтің араласуы атты 11.1 бапты қараңыз).

#### **3.2 бап – Кездесулер мен жеребе тарту тәртібі**

Қатысушылар жарыс күніне дейін бір күн бұрын өткізілген жеребе тарту рәсіміне сәйкес, тиісті салмақ дәрежесіндегі жұптарға бөлінеді. UWW-дің және ұлттық федерациялардың күнтізбесіне енгізілген барлық жарыстарда жеребе тарту және басқару үшін UWW жарыстарын басқару жүйесі пайдаланылуы керек.

Егер UWW жарыстарын басқару жүйесін пайдалану мүмкін болмаса, нөмірленген жетондар урнаға, қапшыққа немесе басқа ұқсас заттарға салынып кездейсоқ тартылады.

Егер де жарыс өткізудің басқа жүйесі қолданылса, ол нақты жариялануы керек. Егер команда жетекшісі (немесе оның орынбасары) айрықша себеппен жеребе тартуға қатыса алмаса, ол бұл туралы United World Wrestling ұйымдастырушысы мен делегаттарына хабарлауы керек. Әйтпесе оның спортшысы(лары) жеребеге қатыспайды. Ұйымдастырушы бұл хабарды UWW-дің тобына жеткізуге жауапты.

**Маңызды:** Салмақ өлшеу мен жеребе тарту рәсіміне жауапты адам қандай да бір қателікті байқаған жағдайда тиісті салмақ дәрежесінде жеребе нәтижесі күшін жояды. Техникалық делегаттың келісімімен осы салмаққа арналған жеребе тарту рәсімі қайтадан өткізіледі.

Техникалық делегат немесе IT маманы жеребе тартудың үздіксіз жұмысына жауап береді және осы ережелердің сақталуын қадағалайды. Сондай-ақ, ол салмақ тізімін растауы керек. Жеребе тарту аяқталғаннан кейін наразылықтар қабылданбайды.

### **Спортшылардың хаттамадағы жағдайы**

6 немесе 7 спортшының қатысуымен өтетін жарыстарда ең кіші жеребе нөмірін алған спортшы А тобында болады, содан кейінгі екінші ең кіші жеребе нөмірі В тобында болады, содан кейінгі үшінші ең кіші жеребе нөмірі А тобында болады және сол сияқты жалғасады.

Спортшыларды 6 немесе 7 спортшымен салмақ санатына бөлу төмендегідей жүргізіледі:

А тобы	В тобы
Жеребе нөмірі 1-спортшы	Жеребе нөмірі 2- спортшы
Жеребе нөмірі 3- спортшы	Жеребе нөмірі 4- спортшы
Жеребе нөмірі 5- спортшы	Жеребе нөмірі 6- спортшы
Жеребе нөмірі 7- спортшы	

Жоғарыдағы үлгідегі барлық спортшылар А-В-А жүйесімен топтарға бөлінеді.

7-ден астам спортшы қатысатын салмақ дәрежелерінде спортшылардың саны 8, 16, 32 және т.б. хаттамаға түседі. Артық спортшылар болса квалификациялық белдесулер өтеді. Хаттаманың үсті мен астының арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету үшін квалификациялық кездесулер «жоғары-төмен-төмен-жоғары» қағидаты бойынша орналасады. Дәл осындай тәсіл артық спортшының (привидение) хаттамадағы орнын анықтау үшін қолданылады.

### **Спортшыларды хаттамада бөлу**

Барлық хаттама түрлерімен осы сілтеме арқылы танысасыздар.

**<https://uww.org/governance/regulations-olympic-wrestling>**

Егер рейтингтегі бір немесе бірнеше спортшы жарысқа тіркелмесе (ауыстырылса немесе тіркелмесе), оның орнына рейтингтегі келесі үздік спортшы(лар) орналасады.

### **3.3 бап - Бастапқы тізім**

Егер бір немесе бірнеше спортшы салмақ өлшеу рәсіміне келмесе немесе салмақ өлшеуден өтпесе (салмағы асып кетсе), ол жарыстан шығарылып, рейтингсіз (ұпайсыз) соңғы орында болады. Қарсыласы жеңіске жетеді. Жарыс күні жеребе қайта тартылмайды.

Финалистерге ұтылған спортшылардан басқа барлық ұтылған спортшылар жіктеу критерияларына сәйкес рейтингтегі тиісті орынға ие болады. Өйткені финалистерге ұтылған спортшылар 3-ші немесе 5-ші орындар үшін жұбаныш белдесулерінде күреседі.

### **3.4 бап - Жарыстан шығару**

Кілемге шақырылғанымен, жаракатына байланысты белдесуге шықпаған спортшының UWW дәрігері немесе жарыс дәрігері қол қойған тиісті медициналық шешімі болмаса және бұл туралы жарыс хатшылығы хабардар болмаса, ол жеңілген болып саналады, рейтингтен шығарылады және ұпайсыз қалады. Ал оның қарсыласы сол кездесудің жеңімпазы атанады.

Егер UWW немесе жарыс дәрігерлері спортшының қандай да бір себептермен қарсыласымен белдесуге шықпау үшін жалған жаракат алғанын дәлелдесе, ол спортшы жарыстан шеттетіліп, еш ұпайсыз қалады және хаттамада оның аты-жөнінің жанында «Dsq» (шеттету) белгісі жазылады.

Егер спортшы UWW жариялаған жалпы және әмбебап күрес рухы мен тұжырымдамасына сәйкес спорттық әдепті бұзып, қатыгездік көрсетсе, ол төрешінің шешімімен жарыстан шеттетіледі. Бұл жағдайда ол рейтингте соңғы болып орналасады және хаттамада аты-жөнінің жанында «DsQ» (шеттету) деп белгіленеді.

Егер екі спортшы да бір белдесу кезінде дөрекілік танытқаны үшін шеттетілсе олар жоғарыда айтылғандай жарыстан бір жолата шығарылады. Келесі айналымға арналған жеребе құрамы өзгертілмейді. Шеттетілген спортшылардың бірімен күресуі керек болған спортшы ұпай бойынша жеңіске жетеді.

Егер бір белдесу кезінде екі жартылай финалист спорттық этиканы бұзғаны үшін шеттетілсе, олар жарыстан шығарылады, ал ширек финалда жеңілгендер жартылай финалда бақ сынайды, қанағаттандыру тобы осы жартылай финалдың нәтижесіне байланысты өзгертіледі. Егер жартылай финал кешкі сессия кезінде ұйымдастырылатын болса, спортшылардың бұл белдесуге дайындалуына жеткілікті уақыт беру үшін ол күрес сессияның соңында өткізіледі. Егер бұл жайт сол күні орын алса, спортшылардың дайындығына (екі рет дисквалификация болғандықтан) бір сағат уақыт беріледі.

Егер бір белдесуде қос жаракат (2 VIN) орын алса, келесі белдесудің қарсыласы жаракат бойынша жеңіске жетеді. Егер бұл жағдай жартылай финалдық белдесуде орын алса, қай спортшылардың жұбаныш белдесуіне қатысуы керектігін анықтау үшін жартылай финалдағы спортшыларға ұтылған спортшыларға жіктеу критерийлері (2.1 және 7-баптар) қолданылып, жұбаныш белдесулерінде күресетіндер анықталады.

Егер жүлделі орындар (1-2 немесе 3-5) үшін күрес кезінде шеттету орын алса, хаттамада шеттетілген спортшыдан төмен орналасқан келесі спортшылардың (дисквалификацияланған/жүлдеден айырылған спортшы(лар) бөлімінен) нәтижелері рейтингте тиісті орындарға көтеріледі.

Егер екі финалист шеттетілсе, онда 1-ші және 2-ші орынды анықтау үшін екі қола жүлдегер арасында белдесу өткізіледі. Барлық басқа қатысушылар рейтингте көтеріледі, 5-ші орындағы екі спортшы 3-ші орында болады.

Спортшы барлық шеттетудің қайсысымен жазаланса да, рейтингте соңғы орында болады.

#### **Допингтік бұзушылықтар жағдайындағы рейтинг**

Допинг-бақылаудың нәтижесі оң болған жағдайда, спортшы шеттетіледі және ол автоматты түрде ешқандай атақсыз рейтингте соңғы орынға ие болады. Оның аты-жөнінің жанында «DsQ» (шеттету) деп жазылады.

Келесі спортшылар рейтингте көтеріледі. Егер бұл 3-ші орын алған спортшыға қатысты болса, онда допингпен ұсталған спортшының хаттама бөлігіндегі спортшы жоғары қарай жылжиды. Бұл жағдайда тек бір спортшы 5-ші орынға ие болады.

Финалда белдесетін 2 спортшы оң допингтік бақылауға ие болған және шеттетілген жағдайда екі қола жүлдегер алтын медальға ие болады. Бұл жағдайда күміс медаль берілмейді және 5-ші орындағы спортшылар 3-ші орынға көтеріледі.

Командалық жарыс кезінде допинг сынамасының оң нәтижесі болған жағдайда, кінәлі спортшының командасы шеттетіледі және рейтингте ол команда соңғы орында орналасып, туларының жанында «DSQ» белгісі қойылады.

### **4 ТАРАУ - ТӨРЕШІЛЕР АЛҚАСЫ**

#### **4.1 бап - Құрамы**

Барлық жарыстарда әр кездесу үшін төрешілер алқасының құрамы:

**(Бір кілемдегі жұмыс тобының құрамы)**

рефери-делегаты (Бас төреші) – 1

Кілем жетекшісі – 1

Рефери (кілемдегі төреші) – 1  
Секундант (таблодағы төреші) – 1  
Бас хатшы – 1  
Хатшы – 1  
Берен бақылаушы төреші – 1

Рефери-делегат (бас төреші) барлық көрсетілген төрешілік құрамның жұмысын үйлестіреді және ол жарыстың басшысы болып саналады.

Осы лауазымды тұлғаларды тағайындау тәртібі Халықаралық төрешілер органы туралы Ережелерде белгіленген.

Медициналық айғақтармен расталған ауыр сырқаттану жағдайларын қоспағанда, төрешіні белдесу кезінде ауыстыруға қатаң тыйым салынады. Ешбір жағдайда бір кілемде қызмет атқарып жатқан төрешілер алқасының құрамында бір ұлттың немесе команданың екі төрешісі бола алмайды. Сонымен қатар, ресми тұлғаға (төрешіге) отандас немесе командалас спортшыларының қатысуымен өтетін кездесулерде қызмет атқаруға қатаң тыйым салынады.

#### **4.2 бап - Жалпы міндеттер**

Төрешілер алқасы United World Wrestling жарыстарының регламентінде және нақты жарысты ұйымдастыру үшін белгіленген арнайы Ережеде баяндалған барлық міндеттерді орындауға тиіс.

Кілемдегі төреші (рефери) мен кілем жетекшісі белдесулерді өткізу кезінде олардың қызметіне сәйкес келетін базалық терминологияны және қазақ күресінің арнайы пәрмендерін (жест) пайдаланулары тиіс. Сонымен қатар, оларға өз міндеттерін дұрыс орындау үшін өзара кеңесу керек болған кезді есептемегенде жарыс барысында

өзгелермен сөйлесуге тыйым салынады.

#### **4.3 бап – Төрешілердің киім үлгісі**

Халықаралық және республикалық жарыстарда төрешілер қара шалбар, UWW-дің немесе республикалық федерацияларының қара түсті поло футболкасын және қара түсті жұмсақ спорттық аяқ киімді киюлері керек. Төрешілер оң білекке қызыл таңғыш (напульсник), ал сол білекке көк таңғыш (напульсник) тағады.

Жоба ретінде арнайы ұйымдастырылған жеке дизайндағы жарыстарда төрешілер киімінің үлгісі тиісті федерацияның келісімімен өзгеруі мүмкін.

#### **4.4 бап - Рефери (кілемдегі төреші)**

##### **Рефери міндетті:**

- қазақ күресі спорт түрінің Ережесін және өтіп жатқан жарыстың Регламентін толық білуге;
- осы Ережеге сәйкес күрес барысындағы әрбір әдістің нәтижелерін дұрыс бағалауға;
- күрес кезінде кілемнің ортасындағы жұмысты ұйымдастыруға;
- күрес кезінде алдымен әдістің нәтижесін бағалап көрсетеді, содан кейін «ТОҚТА» пәрменін береді, қажет болған жағдайда «ТОҚТА» пәрмені беріліп, артынан әдісті бағалауға болады (бейнежазбаны қарауға);
- кілемдегі күресті бастауға, тоқтатуға және аяқтауға;
- ережеге сәйкес аяқталған күресті дер кезінде тоқтатуға;
- кілем шетінде жасалған әдісті анықтауға;
- күрес сапасын жан-жақты бақылауға;
- егер спортшының берені талапқа сай келмейтіндігін көрсе немесе берені жыртылған жағдайда оны ауыстыруды талап етуге;
- команда жетекшілері, спортшылар, жаттықтырушылар және тағы басқа сыртқы әсерлерге мән бермеуге;

- спортшылар күрес кезінде кілем шеңберінен шыққан кезде оларды тоқтатып, кілемнің ортасына шақырып, күресті жалғастыруға;
- күрестің қорытындысы бойынша жеңіске жеткен спортшыға сәйкес өзінің оң немесе сол қолын көтеруге;
- кездесудің басында және аяғында спортшылардың төс қағыстырып, сәлемдесулерін қадағалауға;
- бірінші аталған спортшыны (қызылды) «ОҢ» қолымен, екінші аталған спортшыны (көкті) «СОЛ» қолымен таныстыруға ишара жасауға;
- күрестегі пәрмендерін «БАСТА», «ТОҚТА», «ЖАМБАС», «ЖАРТЫЛАЙ ЖЕҢІС», «ТАЗА ЖЕҢІС», «ЕСКЕРТУ», «ДӘРІГЕР», «БЕЛДЕСУ», «АЙҚЫН БАСЫМДЫЛЫҚ», «ӘДІС НӘТИЖЕСІЗ» ұпайлар мен ескертулерді ауызша айтуға;
- күрес кезінде өзін кәсіби дұрыс ұстауға және пікірлерін нақты білдіруге;
- күрестің соңында кілем жетекшісімен келісе отыра жеңімпазды жариялау.
- әдісті бағалау не ескерту берген жағдайда өз пікірін ұстануға;
- команда өкілдерінің (секунданттың) спорттық әдепті сақтамаसा, секундантты шеттетуге, спорттық этиканы бұзғаны үшін, қатыгездік танытса, спортшыны дисквалификациялауға;
- бас төреші немесе кілемнің жетекшілері осы Ережені өрескел түрде бұзса, өтетін жарыстың деңгейіне (халықаралық, республикалық, жергілікті) байланысты акредиттелген ұйымға жазбаша түрде шағымдануға.

#### **4.5 бап - Кілем жетекшісі**

Қызметі өте маңызды болып табылатын кілем жетекшісі қазақ күресінің және United World Wrestling Ережелерінде қарастырылған барлық міндеттемелерді өз жауапкершілігіне алады.

##### **Кілем жетекшісі міндетті:**

- қазақ күресі спорт түрінің Ережесін және өтіп жатқан жарыстың Регламентін толық білуге;
- күрес барысын бақылап, реферидің жұмысын бағалауға;
- реферидің жұмысын үйлестіруге;
- наразылық білдіруші команда өкілінің наразылығын талқылау және комиссия құрамында осы Ереже аясында бағалауға;
- егер кілемдегі төрешінің пікірі қате болса, бас төрешіге (рефери-делегатка) жүгінуге;
- күрес кезіндегі бағалау бойынша пікірін білдіруге;
- кілемдегі күрестің барысын толық қадағалауға;
- кілемдегі тазалық пен қауіпсіздікті қадағалауға;
- егер белдесу кезінде даулы сәт туындаса, қажет болған жағдайда рефери-делегатпен бірге бейнекайталауды қарап, әрекет туралы өз пікірін білдіруге;
- күрес хаттамасын толтыруға;

##### **Кілем жетекшісінің құқықтары:**

- егер кілемнің жетекшісі ортадағы реферидің шешімдері осы Ережеге сәйкес келмейді деп санаған жағдайда, ол дереу күресті тоқтатуы керек, ал келіспеген жағдайда рефери-делегатты талқылауға шақыруға құқылы;
- рефери-делегаттың (бас төрешінің) көмегіне жүгініп, даулы мәселе бойынша шешім қабылдау.

#### **4.6 бап – Төрешілер алқасының жазалары**

Жоғарғы қазылар алқасының құрамына кіретін UWW бюросы мен «Qazaq kuresi» Ассоциациясы рефери-делегатының баяндамасына сәйкес, техникалық қателік жіберген төрешіге қатысты төмендегідей тәртіптік жазалау шараларын ұжымдық түрде қабылдауға құқылы:

- тиісті төрешіге ескерту жасау;
- жарыстан бір немесе бірнеше сессияға шеттету;
- ресми өкілді жарыстан шеттету;
- ең төменгі санатқа дейін төмендету;
- уақытша шеттету;
- төрешілік қызметтен түпкілікті босату туралы бұйрық беру.

## **5 ТАРАУ – Күрес**

### **5.1 бап – Күрес уақыты**

- U13 және U15: күресудің ұзақтығы - 3 минут, «Белдесу» - 1 минут.
- U17: күресудің ұзақтығы - 3 минут, «Белдесу» - 1 минут.
- U20: күресудің ұзақтығы - 4 минут, «Белдесу» - 1 минут.
- U23: күресудің ұзақтығы - 5 минут, «Белдесу» - 1 минут.
- Seniors: күресудің ұзақтығы - 5 минут, «Белдесу» - 1 минут.
- Veterans: күресудің ұзақтығы - 3 минут, «Белдесу» - 1 минут.
- Жеңімпаз негізгі уақыттың соңында ең жоғары жинаған ұпайлардың қосындысы бойынша анықталады.

- «ТАЗА ЖЕҢІС» және «АЙҚЫН БАСЫМДЫЛЫҚ», үшінші ескерту кілемдегі күресті автоматты түрде тоқтатады.

### **5.2 бап - Кілемге шақыру**

Спортшылар кілемге шықпай тұрып, екі белдесуден бұрын беренді тексеру орнына барулары тиіс. Тағайындалған төреші олардың спорттық киімін – берен мен жапсырманы осы регламентке толық сәйкестігі тұрғысынан тексереді. Сондай-ақ, төреші жаттықтырушылар мен команда жетекшілерінің киім үлгісін жарыс регламентіне сәйкестігін тексеруге міндетті. Осыдан кейін қатысушылар мен команда өкілдеріне өздеріне тағайындалған кілемге шығуға рұқсат беріледі.

Хатшы немесе анонсер екі спортшыны қатты және анық дауыспен (қажет болса екі тілде) шақыруы керек. Спортшыларды шақыру арасы кемінде 30 секундтық интервалмен 3 рет айтылады. Егер спортшы үшінші шақырудан

кейін кілемге шықпаса, ол бас тарту арқылы ұтылады. Бірінші шақырудан кейін таблодағы төреші таймерді іске қосады.

Спортшыны алдыңғы белдесуі аяқталғаннан кейін 20 (жиырма) минутты құрайтын демалыс кезеңсіз келесі белдесуге шақыруға болмайды. Qazaq Kuresi Ассоциациясының келісімі бойынша республикалық жарыстардағы үзіліс 10 минутты құрайды.

### **5.3 бап - Спортшыларды таныстыру**

Әр салмақ дәрежесінің финалында келесі рәсім өтеді:

Ақтық сынға шыққан спортшылар таныстырылады және кілемге шыққан кезде олардың спорттық жетістіктері жарияланады.

### **5.4 бап - Кездесудің басталуы және жалғастырылуы**

Кілемге шыққан спортшы және оның секунданты оң қолдарын кеуделерінің сол жағына қойып, ұйымдастырушылар тарапына және қарсыласының секундантына бас иіп тағзым етеді. Осыдан кейін кілемнің ортасында тұрған төреші екі спортшыны ортаға шақырады. Бұл жерде спортшылар екі рет төс қағыстыру арқылы қол алысады және бір қадам артқа шегінеді. Жаттықтырушылар өздеріне тиісті орындарға отырады. Реферидің «БАСТА» бұйрығымен күресті бастайды.

Күрес аяқталғаннан кейін жаттықтырушы жеңімпаздың жариялануын күтуі керек және өзінің шәкіртімен бірге (ұйымдастырушы тарапқа және қарсыласы мен оның бапкеріне) тағзым етіп, жарыс аймағынан кетуге міндетті. Жарыс аймағынан шыққан спортшыларға белбеуін шешуге және көрермендердің алдында беренін шешу арқылы денесін жалаңаштауға тыйым салынады. Барлық қатысушылар киімдерін тек киім ауыстыруға арналған бөлмелерде ауыстыруға тиісті. Жарыс өтіп жатқан ғимаратта киімсіз жалаңаш жүруге қатаң тыйым салынады. Жоғарыда көрсетілген міндеттемелерді орындамаған кез келген қатысушы жарыстан шеттетіледі.

## **5.5 бап – Күресті тоқтату және жалғастыру**

а) Егер қандай да бір себептермен (жарақат/қан ағу уақыты, төрешілердің кеңесі және т.б.) күрес тоқтатылса, қос спортшы ешкіммен сөйлеспейді және сусын қабылдамайды, кілемнің ортасына қараған күйі өз бұрыштарында тұрып, реферидің кілемнің ортасына шақырғанын және оның күресті «БАСТА» деген бұйырығын күтеді.

б) Медициналық себептерге байланысты күресті жалғастыру мүмкін болмаса, шешімді жарыстың жауапты дәрігері қабылдайды, ол бұл туралы спортшының жаттықтырушысына және кілем жетекшісіне хабарлайды, ол күресті тоқтатуға бұйрық береді. Жарыс дәрігерінің шығарған шешімі өзгертілмейді.

в) Спортшының ешқандай жағдайда да күресті өз бетінше тоқтатуға құқығы жоқ.

г) Егер спортшылардың біріне қасақана жарақат салынуына байланысты күресті тоқтату қажет болса, кінәлі спортшы жарыстан шеттетіледі.

д) Спортшылардың бірінен қан шықса, рефери күресті тоқтатуы тиіс. Дәрігер жарақат алған спортшыға кілемде көмек көрсете бастаған сәтте таймер қосылады. Егер қанды тоқтатуға кеткен уақыт жиынтығы 4 минуттан асатын болса, кілем жетекшісі күресті аяқтау туралы бұйрық береді. Бұл жағдайда жарақат алған спортшы ұтылады. Егер күрес соңына дейін жалғасатын болса, таймер келесі кездесуде қалпына келтіріледі.

е) Медициналық көмек көрсетілгеннен кейін күрес жалғасады.

ж) Егер қандай да бір оқиғаға байланысты күресте үзіліс орнайтын болса, төреші бұл күресті тоқтата алады және үзіліс аяқталғаннан кейін қалған күресу уақыты есептеледі. Егер сессияны жоспарланған кестеге сәйкес аяқтау мүмкін болмаса, оны келесі күнге ауыстыруға болады. Егер бұл жарыстың соңғы күні және төтенше себептерге байланысты болса, жарыстың аяқталуы кейінгі мерзімге ауыстырылып, ол басқа жерде өткізілуі мүмкін.

з) Төрешілер тобы байқамаған елеулі қателік (таймердегі қателік, таблода көрсетілген ұпайлар қатесі немесе ескертулер саны, жеңімпазды қате жариялау және т.б.) болған жағдайда, рефери-делегат және кілем жетекшісі консультация немесе бейне қайталаудың көмегімен бұл қателікті түзетуі мүмкін.

к) «ТОҚТА» командасы реферидің алдыға қарай бағыттала созылған қолымен беріледі, оның алаканының сыртқы жағы кеуде тұсына дейін көтеріліп, «ТОҚТА» командасы дауыстап айтылады;

«ТОҚТА» командасы келесі жағдайларда беріледі:

- егер спортшы кілемнің диаметрі 9м құрайтын пассивті шеңберінен екі аяғымен де шықса;
- егер төреші екі спортшыға немесе біреуіне ескерту берсе;
- «ТАЗА ЖЕҢІС» немесе «АЙҚЫН БАСЫМДЫЛЫҚ» болса;

- күрес уақыты аяқталса;
- егер рефери-делегат бейнеқайталауды көретін болса;
- егер спортшының белбеуі шешілсе;
- күрес кезінде техникалық ақаулар (табло, музыкалық құрал-жабдық, бейнекамера, жарықтандыру және т.б.) туындаған кезде.
- команда өкілі челлендж сұраса.

## **5.6 бап – күрестің аяқталуы**

Күрес «ТАЗА ЖЕҢІС» және «АЙҚЫН БАСЫМДЫЛЫҚ» ұпайлары берілгенде немесе спортшылардың бірі үшінші ескерту алғанда, ережені өрескел бұзғаны үшін шеттету (ҚАТАҢ ЕСКЕРТУ) жарияланғанда немесе спортшының біреуі немесе екеуінің жарақатына байланысты немесе негізгі уақыт біткеннен кейін аяқталады.

Күрес аяқталғаннан кейін рефери кілем жетекшісіне қараған күйі ортада тұрады. Спортшылар реферидің екі жағында тұрып, шешімді күтеді. Төреші жеңімпаз спортшыны айқындап, тиісті қызыл не көк білезік (напульсник) таққан өз қолын жоғары көтереді. Спортшыларға жарыс залынан шыққанға дейін береннің кез-келген бөлігін шешуге тыйым салынады.

## **5.7-бап. Жеңістің түрлері**

Күресте жеңіске жетудің жолдары:

- «ТАЗА ЖЕҢІС» арқылы;

- «АЙҚЫН БАСЫМДЫЛЫҚ» бойынша (кем дегенде 4 «ЖАМБАС», 2 «ЖАРТЫЛАЙ ЖЕҢІС» немесе 1 «ЖАРТЫЛАЙ ЖЕҢІС» пен 2 «ЖАМБАС» ұпайларының қосындысымен);
- күрес кезінде қарсыласқа берілген 3 «Ескерту» немесе бірден берілген «Қатаң ескерту» бойынша;
- ұпай бойынша;
- ұпай саны тең, ал ескерту саны аз болуы немесе мүлдем болмауы бойынша жеңіске жету (бұл жағдайда 1 минутты «Белдесу» өткізілмейді);
- жаракат бойынша;
- қарсыластың кілемге шықпауы бойынша;
- қарсыластың жарыстан шеттетілуі бойынша;
- Белдесу нәтижесі бойынша;
- Белдесуден кейін таразыда салмақ өлшеудің нәтижесі бойынша;

## БЕЛДЕСУ

Егер күрестің негізгі уақыты тең нәтижемен аяқталса, белдесуге қосымша 1 минут уақыт беріледі:

- ортадағы рефери белдесу пәрменін көрсетеді;
- екі спортшы ортаға шақырылып, екі қолымен бір-бірінің белбеуін ұстайды;
- спортшылардың оң қолы қарсыластың сол қолының сыртынан және сол қолы тиісінше оң қолының астынан немесе керісінше ұстасады (ұпай сапасы жоғары спортшының таңдауына байланысты оң не сол жаққа ұстасады);
- қарсыласына қарағанда ұпайларының сапасы жоғары, соңғы нәтижелі әдісті жасаған спортшыға оң не сол жақты ұстасуды таңдау мүмкіндігі беріледі;
- ескертулер саны бірдей болған кезде соңғы ескертуді алған спортшы ұстасу жағын таңдау мүмкіндігінен айырылады;
- басымдылығы жоқ спортшы қарсыласының оң немесе сол жақ ұстасу тарапын өзгерте алмайды;
- ұстасудан қасақана жалтарған жағдайда спортшы ескерту алады;
- кілем жетекшісі мен рефери кілемдегі белдесуді екі жағынан да бақылайды;
- спортшылардың дайындығына көз жеткізген рефери «БАСТА» бұйрығын береді.

### **Белдесу кезінде спортшыларға келесі тыйымдар салынады:**

- төрешінің «БАСТА» бұйрығынсыз қозғалуға;
- қолды босатуға немесе ұстасуды өзгертуге;
- қарсыластың кеудесін баспен тіреуге;
- тізерлеуге;
- қорғанып, шамадан тыс еңкеюге.

### **Белдесу барысында жеңіске жеткен және жеңілген спортшыны анықтау:**

- кілемнің 9м құрайтын пассивті шеңберінен кез келген дене бөлігі (аяғының ұшы немесе өкшесі бейнебақылаудан көрінетіндей мөлшерде) шыққан спортшы жеңіледі;
- белбеуді бірінші болып жіберген спортшы жеңіледі (нәтижелі әдіс жасап лақтырса да жеңілген болып табылады);
- тиімді шабуыл жағдайларын қоспағанда, кілемге денесінің кез келген басқа бөлігі тиген спортшы жеңілген болып саналады (себебі ол жағдайда жеңіс әдіс орындаған спортшының пайдасына беріледі);
- спортшы белбеудің бір қабатын ғана ұстаған кезде;
- егер спортшы көтеріліп, шеңберден шығарылса, онда ол жеңілген болып табылады (шабуылдаушы спортшы қарсыласын көтеріп, шеңберден артқа қарай шыкса да).

**Ескертпе:** нәтижелі әдіс иық немесе бас және дененің басқа бөліктері кілемге тию арқылы орындалса, шешім шабуылдаушы спортшының пайдасына беріледі. Бірақ бұл ретте әдіс тоқтаусыз әрі тез орындалуы тиіс. «ҚАТАҢ ЕСКЕРТУ» (дисквалификация) ережесі белдесуге де қолданылады. (9 тараудың, I тармағын қараңыз).

«Белдесу» тең аяқталған жағдайда спортшылар салмақтарын өлшейді және салмағы аз спортшы жеңіске жетеді. Бұл жерде спортшылар беренмен және т.б. күрес барысында қолданған заттармен қоса өлшенеді. Егер екі спортшының да салмағы тең болса, жеребе саны төмен болған спортшы жеңіске жетеді.

Егер лактыру кезінде екі спортшы да бір уақытта колдарын белбеуден босатса, жеңіс шабуылдаушы спортшыға беріледі.

### **5.8 бап – Жаттықтырушы**

Жаттықтырушы күрес кезінде тұғырдың түбінде немесе кілемнің шетінен кемінде екі метр қашықтықта тұра алады. Егер UWW дәрігері (немесе жарыс дәрігері) оған рұқсат берсе, ол спортшының жаракатын емдеуге көмек көрсетуге құқылы. Жаттықтырушыға бұл жағдай мен үзілісті қоспағанда, кілемге кіруге қатаң тыйым салынады. Бұл жағдайда оны рефери шеттетеді.

Жаттықтырушыға төрешілер алқасының шешімдеріне әсер етуге немесе төрешілерді қорлауға қатаң тыйым

салынады. Ол тек спортшымен сөйлесе алады, реферидің жұмысына пікір білдірмейді.

Егер бұл талаптар сақталмаса, рефери жаттықтырушыны кілем алаңынан шығарып жіберуге құқылы.

Жарыстың бір күнінде челендждің қате нәтижесі үшін екі шеттету алған жаттықтырушы жарыстан шығарылады және енді сол күні секундацияға шыға алмайды. Бұл фактілер тиісті күрестің хаттамасында да көрсетіледі.

Алайда, қатысушы немесе команда өзінің басқа да жаттықтырушысының қызметтерін пайдалануға құқылы. Шеттетілген жаттықтырушының ұлттық федерациясына Тәртіптік және Қаржылық регламенттің ережелеріне сәйкес айыппұл салынады.

Жаттықтырушыға жарыстың рефери-делегаты (бас төрешісі) шақырғанға дейін төрешілердің аймағына жақындауға тыйым салынады. Рұқсатсыз төрешілер аймағына келген жаттықтырушы немесе спортшы бірден шеттетіледі.

### **5.9 бап – Челлендж**

Челлендж – бұл жаттықтырушыға спортшының атынан күресті тоқтатуға және төрешілер алқасынан бейне жазбаны қарап шығып, шешімін қайта қарауды сұрауға рұқсат беретін әрекет. Бұл мүмкіндік тек UWW және ұйымдастыру комитеті ресми түрде бейнебақылау орнатқан жарыстар кезінде ғана беріледі.

Күрес барысында бейнеқайталау тек рефери-делегаттың (бас төрешінің) немесе челлендж тастаған секунданттың өтініші бойынша қаралады. Челлендж қате деп танылған жағдайда челленджді сұраған секунданттың спортшысына «Ескерту» беріледі. Аталған тармақтың қолданылуы жарыстың мәртебесіне (республикалық/халықаралық) байланысты Qazaq Kuresi Ассоциациясымен бекітуі арқылы реттеледі.

Күрес аяқталғаннан кейін челлендж сұрауға болмайды. Егер рефери-делегат (бас төреші) күрес кезінде кілемдегі төрешінің өрескел қателік жібергенін көрсе, бейнебақылауды қарай алады. Бірақ кілемде жеңіс жарияланғаннан кейін ешқандай жағдайда күрес нәтижесі өзгермейді. Рефери-делегаттың (бас төрешінің) шешімі барлық даулы жағдайларда қабылданады және түпкілікті шешім болып саналады.

Даулы жағдай орын алған кезде жаттықтырушы-секундант челленджді бірден сұрауы қажет. Яғни, орнынан тұрып, өзінің жаттықтырушылық акредитациясын немесе бейджігін мойнынан шешіп, жоғары көтеруі тиіс. Сол кезде кілем жетекшісі күресті тоқтатуы керек.

Содан кейін рефери-делегат (бас төреші) пен кілем жетекшісі бейнежазбаны қарап, түпкілікті шешім қабылдайды. Кілемдегі реферидің шешімі ескеріледі.

Рефери-делегат (бас төреші) қажет болған жағдайда бейнеқайталауды күресті тоқтатпай қарауға құқылы. Артынша ол қабылданған шешімді кілемдегі төрешіге хабарлайды.

### **5.10 бап - Жеке кездесу жүйесімен өтетін жарыстардың командалық рейтингісі**

Командалық рейтингте алғашқы 10 спортшының орындарына сәйкес төменде көрсетілгендей ұпайлары есепке алынады.

Салмақ дәрежесі бойынша рейтинг	Ұпай
1 орын	25
2 орын	20
3-3 орын	15
5-5 орын	10
7 орын	8
8 орын	6
9 орын	4
10 орын	2

Айналымдық жүйе (7 спортшы немесе одан да аз):

Салмақ дәрежесі бойынша рейтинг	Ұпай
1 орын	25
2 орын	20
3 орын	15
4 орын	12
5 орын	10
6 орын	9
7 орын	8

Бір елден немесе командадан әр салмақ дәрежесіне бірнеше спортшы қатысса сол салмақтағы жоғарғы ұпай алған спортшының ұпайы есептеледі. Командалардың рейтингтік ұпайларын анықтау ережесі өзгеріссіз қалады.

**Ескерту:** *Медаль саны бойынша командалық рейтингті есептеу Arena жүйесінен тыс, тек таңдаулы жарыстарда ғана жүзеге асырылады және бұл тәртіп жарыс регламентінде бекітіледі.*

## **6 ТАРАУ Әдіс ұпайлары**

### **6.1 бап - Ұпайларды жазу**

Төреші күрес кезінде спортшылар алған әрбір ұпайды хаттамаға түсіреді.

Хаттамада «ТАЗА ЖЕҢІС» ұпайы дөңгелек арқылы белгіленуі тиіс.

Ескерту «Е» әрпімен көрсетіледі. Ұпай саны тең болған жағдайда соңғы алынған ескертудің асты сызылады.

Екі спортшыға бір күрес эпизодында ескерту берілсе ол соңғы ескерту болып қарастырылмайды. Сәйкесінше, бұл ескерту белдесуде оң немесе сол жақты ұстасуды таңдауда басым спортшыны анықтау кезінде есепке алынбайды.

### **6.2 бап - Ұпайларды жазу**

Төреші күрес кезінде спортшылар орындаған әрбір әдіске берілген ұпайды хаттамаға түсіреді.

«АЙҚЫН БАСЫМДЫЛЫҚҚА» әкелетін ұпай хаттамада дөңгелек арқылы белгіленуі керек.

### **6.3 бап - Әрекеттер мен әдістер үшін ұпайларды есептеу.**

Егер әдісті орындау барысында екі спортшының бірі кілемнің пассивті аймағынан шығып кетсе, кілемдегі рефери әдістің аяқталуын күтіп, кейін оны бағалайды. Бұл әдіс кілемнің белсенді аймағында

басталуы шарт.

Түрегеліп басталатын және тоқтаусыз (тізе, қол, бас немесе иық кілемге тиіп) орындалатын әдіс төменде келтірілген бағалау критерийлеріне сәйкес бағаланады.

### Әдістерді бағалау

1. Күрес кезінде жасалған техникалық іс-қимыл **ӘДІС** деп аталады.
2. Күрес барысында тиімді **ӘДІСТЕР** немесе **ӘРЕКЕТТЕР** келесі биомеханикалық принциптерге сай бағаланады: лақтыру фазасы (ол аяқталғанына немесе аяқталмағанына қарай), лақтыру жылдамдығы, лақтырудан кейінгі бақылау (контроль) және құлаған спортшының денесінің кілемге тиюі (касание).

Күрес кезінде **ӘДІСТЕР** немесе **ӘРЕКЕТТЕР** келесідей бағаланады:

- 2.1 «**ӘДІС НӘТИЖЕСІЗ**»;
- 2.2 «**ЖАМБАС**»;
- 2.3 «**ЖАРТЫЛАЙ ЖЕҢІС**»;
- 2.4 «**ТАЗА ЖЕҢІС**»;

**Ескертпе:** Кілемдегі төреші «**ТАЗА ЖЕҢІС**», «**ЖАРТЫЛАЙ ЖЕҢІС**» немесе «**ЖАМБАС**» ұпайларын ауызша жариялап, тиісті пәрменді көрсетеді.

#### «ТАЗА ЖЕҢІС»

Төрешілер орындалған әдісті келесі критерийлер бойынша бағалауға міндетті:

1. Лақтыру фазасының толық орындалуы;
2. Лақтырудың жылдамдығы;
3. Лақтырудан кейінгі қарсыласты бағындыру (контроль);
4. Құлағанда кілеммен жанасу (касание).

Егер де лақтырудың қандай да бір биомеханикалық сипаты жетіспесе, әдістің сапасы «ТАЗА ЖЕҢІСКЕ» жетпейді.

«**ТАЗА ЖЕҢІС**» – шабуылдаушы спортшы қарсыласын кез келген рұқсат етілген әдіспен толық арқасына немесе бір жауырынға лақтырған жағдайда беріледі.

Әдісті бағалау критерийлеріне сәйкес, егер лақтыру жылдамдығы жоғары болып, лақтыру фазасы толық орындалса және одан кейінгі бағындыру (контроль) болса, спортшы тек бір жауырынға құлаған күннің өзінде де нәтиже «таза жеңіс» болып есептеледі. Себебі биомеханикалық заңдылықтарға сай, алдыға қарай мінсіз орындалған әдістің өзінде қарсыластың бірден қос жауырынға түсуі мүмкін емес.

Бұл жағдайда лақтыру сапасы «**ЖАРТЫЛАЙ ЖЕҢІС**» ұпайынан жоғары бағаланады.

Егер әдіске ұшыраған спортшы қорғаныс реакциясын көрсетсе, яғни құлаған кезде ішке түссе немесе арқасының жартысына құласа, онда әдісті «ТАЗА ЖЕҢІС» деп бағалауға болмайды.

Төрешілер барлық әдістерді лақтырудың сапасын анықтайтын биомеханикалық критериялар бойынша бағалауы керек.

Рефери «ТАЗА ЖЕҢІСТІ» тиісті қолын тік көтеріп, алақанын кілем жетекшісіне қаратып көрсетеді. «ТАЗА ЖЕҢІС» болған жағдайда күрес тоқтатылып, жеңіс әдіс орындаған спортшыға беріледі.



## «ЖАРТЫЛАЙ ЖЕҢІС»

«ЖАРТЫЛАЙ ЖЕҢІС» – шабуылдаушы спортшы қарсыласын лақтырғанымен, ол қорғаныс реакциясын көрсетіп, тек бір жауырынға немесе көпірге (мост) түскен жағдайда беріледі. Бұл кезде әдістен кейін бағындыру (контроль) болғанымен, лақтыру фазасы толық аяқталмаған болып саналады.

Қарсылас кілемге қырымен түсіп, аяғын артқа тірей құласа (әдетте мұндай құлау көпірге әкеледі), әдіс «Жартылай жеңіс» деп бағаланады. Сондай-ақ, спортшы бүкіл арқасымен құлағанымен, егер әдіс өте баяу орындалса, ол да «Жартылай жеңіс» ұпаймен бағаланады.

«Жартылай жеңістің» сапасы «Жамбасқа» карағанда жоғары, бірақ «Таза жеңістен» төмен. Ол белдесудің түпкілікті шешімі болмайды және күрес жалғасады.

Рефери «ЖАРТЫЛАЙ ЖЕҢІС» ұпайын тиісті қолын кілем жетекшісіне қарата, алақанының қырын төмен көрсеткен күйі көкірек деңгейіне дейін көтереді. Кейін қолын әдіс жасаған спортшыға қарай бағыттайды;

Екі «ЖАРТЫЛАЙ ЖЕҢІС» ұпайы – «АЙҚЫН БАСЫМДЫЛЫҚҚА» тең.



## «ЖАМБАС»

«Жамбас» ұпайы лақтыру фазасы толық аяқталмаған жағдайда, шабуылға ұшыраған спортшы қорғаныс реакциясын көрсетіп, жамбасына немесе жамбасы арқылы ішке домалап түскен кезде беріледі. Бұл жағдайда бағындыру (контроль) және жанасу (касание) бар болғандықтан, «Жамбас» ұпайын беру жеткілікті.

Сондай-ақ, қарсылас кілемге жамбасы немесе жамбасының сыртқы бөлігі арқылы бір иығымен ішке қарай құласа да «Жамбас» деп бағаланады.

«Жамбас» сапасы бойынша «Жартылай жеңістен» төмен, түпкілікті шешім болып табылмайды және күрес жалғасады.

Төреші жұдырығы жұмылған қолын көкірек тұсына дейін көтеріп, кілем жетекшісіне, содан кейін қолын әдіс орындаған спортшыға қарай бағыттайды.



- Екі «ЖАМБАС» ұпайы – бір «ЖАРТЫЛАЙ ЖЕҢІС» ұпайына тең.
- Екі «ЖАРТЫЛАЙ ЖЕҢІС» ұпайы – бір «АЙҚЫН БАСЫМДЫҚҚА» тең.
- Үш «ЖАМБАС» ұпайы – «ЖАРТЫЛАЙ ЖЕҢІС» және бір «ЖАМБАС» ұпайына тең;
- Төрт «ЖАМБАС» ұпайы – «АЙҚЫН БАСЫМДЫҚҚА» тең;

## «ӘДІС НӘТИЖЕСІЗ»

«Әдіс нәтижесіз» пәрмені орындалған әдісті немесе қарымта әдісті бағалау мүмкін болмаған жағдайда көрсетіледі.

«Әдіс нәтижесіз» деп танылады, егер:

- әдіс бір немесе екі тізеден орындалса (қарсылас құлағанның өзінде де).
- шабуылдаушы шалқалай жатып әдіс орындап, бірақ қарсыласынан ұпай алмаса және құлаған спортшы да қарымта әдіс жасамай (бір немесе екі қолмен ұстау әрекеті болмай) екеуі құласа.

Төрешінің белгісі: екі қолын бел тұсына дейін көтеріп,



алақандарын төмен карата қайшылап көрсетеді (қолдар кілем жетекшісіне бағытталады).

**Ескертпе:** тік тұрып (стойкадан) басталып, тоқтаусыз орындалған және лақтыру кезінде кілемге тізе, қол немесе иық тиюмен жасалған әдістер бағалау критерийлеріне сәйкес есепке алынады.

#### **6.4 бап. Шешім және дауыс беру**

Кілемдегі реферидің бағасы: кілемдегі рефери әдісті бағалап, тиісті пәрменді (жест) көрсетеді.

Төменде келтірілген даулы жағдайларда бейне жазбаны қарау процедурасы жүзеге асырылады:

- егер кілем жетекшісі немесе рефери-делегат (бас төреші) кілемдегі реферидің шешімімен келіспесе, олар даулы мәселені қайта қарайды;

- егер рефери-делегат (бас төреші) кілемдегі рефери мен кілем жетекшісінің бірауыздан болған пікірімен келіспесе;

- егер спортшының жаттықтырушысы «челленджді» талап етсе.

**Соңғы шешім:** соңғы шешімді рефери-делегат (бас төреші) қабылдайды және ол шешім кілемдегі төрешінің пікірінен өзгеше болуы мүмкін. Кілемдегі рефери алдыңғы нәтижені жокка шығаратын және соңғы шешімге сәйкес ұпай беретін тиісті пәрменді (жест) көрсетеді. Барлық төрешілердің пікірлері хаттамаға түседі.

Егер күрес белгіленген уақыттың соңына дейін созылса, жеңімпазды анықтау кезінде кілем жетекшісінің хаттамасы ескеріледі. Күрес барысында жалпы табло кілем жетекшісінің хаттамасына сәйкес болуы тиіс.

**Ескертпе:** «Ескертуге» қатысты челлендж қабылданбайды.

#### **6.5 бап - Жарақат және қан кету уақыты**

Егер спортшы кездейсоқ жарақат (яғни, көзге соққы, бас соққысы және т.б.) алса, рефери күресті тоқтатып, ережеге сәйкес 4 минут уақытты қосады. Ол бір спортшының тиісті белдесудегі уақыты 4 минуттан аспауын қадағалауға міндетті. Егер 4 минут уақыттан асатын болса, жарақат алған спортшы Ережеге сәйкес жеңілген болып саналады.

Спортшы жарақат алып, қан кеткен жағдайда медициналық қызметкерлер дереу көмекке келулері керек. Тиісті тазартқыштар мен дезинфекциялық ерітінділер қолжетімді болуы тиіс. Бас дәрігердің міндеттеріне қан кету мен қанның таралуы тиімді тоқтатылғанын немесе тоқтатылмағанын, спортшының күресті қайта жалғастыра алатынын немесе алмайтынын анықтау кіреді.

Күрес қанды тазарту кезінде пайдаланылған барлық материалдар тиісті түрде жойылғаннан кейін ғана қайта жалғасады. Қан тиген немесе жыртылған киімді ауыстыруға қажетті қосалқы берен барлық спортшылардың жаттықтырушыларында болуы керек.

### **7 ТАРАУ – ЖАРЫСТАН КЕЙІН БЕРІЛЕТІН КЛАССИФИКАЦИЯЛЫҚ ҰПАЙЛАР**

#### **7.1 бап – Классификациялық ұпайлар**

8 спортшыдан аз болған салмақ дәрежесінде спортшылар алатын классификациялық ұпайлар олардың рейтингтегі нәтижесін анықтау үшін қолданылады (айналымдық жүйеде).

1) «ТАЗА ЖЕҢІС» (жеңімпазға 6 ұпай – жеңілген адамға 0 ұпай) – **(TZ 6:0)**

2) Қарсыластың жарақат алуы арқылы жеңу (жеңімпазға 6 ұпай - жеңілген адамға 0 ұпай) – **(VIN 6:0)**

Егер спортшы жарақатты күрес алдында немесе барысында алса және ол жарақат UWW-дің дәрігерімен расталса.

3) Қарсыластың кілемге шықпағандықтан жеңіске жету «victory by Forfeit» (жеңімпазға 6 ұпай – жеңілген адамға 0 ұпай) – **(VFO 6:0)**

Жарысты жалғастыру құқығынан айыра отырып жеңіс беру - спортшы күрес кезінде кілемге шықпаған немесе берені сәйкес келмеген жағдайда, сондай-ақ спортшы салмақ өлшеуге келмеген жағдайда жарияланады.

4) Қарсыластың шеттетілуі арқылы жеңіске жету (жеңімпазға 6 ұпай - жеңілген адамға 0 ұпай) – **(DSQ 6:0)**

Шеттету бойынша жеңіс (дискавалификация) - спортшыны жарыстан спорттық әдепті бұзғаны (қатыгездік) үшін шеттету.

5) Қарсыласқа 3 ескертудің берілуі арқылы жеңіске жету (жеңімпазға 6 ұпай – жеңілген адамға 0 ұпай) – **(VCA 6:0)**

Егер спортшы күрес кезінде үш ескерту алса.

6) Техникалық үстемдік бойынша жеңіске жету «АЙҚЫН БАСЫМДЫЛЫҚ» (жеңімпазға 5 ұпай - жеңілген адамға 0 ұпай) – **(VSU 5:0)**

Күресте «АЙҚЫН БАСЫМДЫЛЫҚ» бойынша жеңіске жетеді.

7) Ұтылған спортшыда ұпайы болып, техникалық үстемдік бойынша жеңіске жету (жеңімпазға 5 ұпай – жеңілген адамға 1 ұпай) – **(VSU1 5:1)**

Күресте «АЙҚЫН БАСЫМДЫЛЫҚ» критерийлері бойынша жеңіске жетеді және жеңілген адамда бұған дейін ұпай болған.

8) «ЖАРТЫЛАЙ ЖЕҢІС» бойынша жеңіске жету (жеңімпазға 4 ұпай – жеңілген адамға 0 ұпай) – **(ZZ 4:0)**

9) «ЖАМБАС» бойынша жеңіске жету (жеңімпазға 3 ұпай – жеңілген адамға 0 ұпай) – **(ZB 3:0)**

10) Қосарланған шеттету (қызылдағы спортшыға 0 ұпай – көктегі спортшыға 0 ұпай) – **(2DSQ 0:0)**

Екі спортшы да ережені бұзғаны үшін шеттетілген жағдайда. **(2DSQ 0:0);**

11). «Белдесуде» жеңіске жету (жеңімпазға 2 ұпай - жеңілген адамға 0 ұпай) – **(VBO 2:0)**

12). Шығуға тиісті екі спортшының жоқ болуы немесе салмақтан өтпеуі – **(2DSQ 0:0)**

13). Қосарланған жарақат (қызылдағы спортшыға 0 ұпай – көктегі спортшыға 0 ұпай) – **(2VIN 0:0)**

Егер екі спортшы да жарақат алса.

**Ескертпе.** Жарыста жарақат салдарынан кілемге шықпайтын спортшы кілемге шақырылғанға дейін рефери-делегатқа немесе хатшыға дәрігердің қорытындысын беруге міндетті. Тиісті медициналық қорытындысы болмаса, бұл спортшы келесі белдесуге жіберілмейді және ол рейтингтен шығарылады.

## **8 ТАРАУ – ЕСКЕРТУ**

### **8.1 бап – Сылбырлық үшін «ЕСКЕРТУ»**

1. Егер спортшы шабуыл әрекетін жасамаса, ал оның қарсыласы қатарынан үш шабуыл әрекетін орындаса – белсенділік көрсетпеген спортшыға ескерту беріледі. (Шабуыл әрекеті – қарсыласын тепе-теңдіктен шығарып, денесін қалпына келтіруге мәжбүр еткен немесе құлауға әкелген кез келген техникалық әдіс);
2. Егер спортшы денесін еңкейтіп, басын төмен түсірсе, қорғаныс позициясын қабылдап, күрестен қашса, ескерту алады;
3. Егер спортшы белсенді күреспеу үшін 5 секундтан артық тік қолмен (төменнен, жоғарыдан, жағадан, жеңнен, белбеуден және т.б.) тіресе ескерту алады;
4. Егер спортшы жалған әдіс жасаса, оған ескерту беріледі. Жалған әдіс – қарсыласын тепе-теңдіктен шығармай, уақытты созып күресті тоқтату мақсатында жасалған әрекет;
5. Егер спортшылардың бірі күрестен қашып, кілемнің пассивті аймағынан екі аяғымен толық шықса, (пассивтілік аймақтағы спортшы (сыртқы шеңбер) сылбыр, ал кілемнің ортасына жақын спортшы белсенді болып саналады) ескерту алады;
6. Егер спортшы кілемде үш және одан да көп қадам шегініп, күрестен қашса;
7. Егер спортшы күресті тоқтату мақсатында еш шабуыл жасамай қарсыласын кілемнен итеріп шығарса;
8. Егер спортшы дер кезінде тұрмай, кілемде отырып немесе жатып, белдесуді жалғастыру үшін кілем ортасына келмесе, оған ескерту беріледі;
9. Егер спортшы күрестен қашып, әдісті бір не екі тізеден жасаса ескерту алады;
10. Рефери техникалық әрекеттерді орындамаған және белсенділік танытпаған екі сылбыр спортшыны жазалай алады. Мұндай жағдайда рефери екі спортшыға да ескерту жасайды. Егер спортшылар сылбыр күресті жалғастыра берсе, рефери оларды міндеттерін орындамады деп санап, күрес ережелеріне сәйкес тағы ескерту береді және спортшыларды шеттете алады;
11. Егер күрестің негізгі уақыты тең ұпаймен аяқталса, ескерту саны артық спортшы жеңілген болып танылады. Мұндай жағдайда қосымша 1 минуттық белдесу өткізілмейді, күрес негізгі уақыттың аяқталуымен тоқтатылады;

12. Челлендж кәте деп танылған жағдайда, челленджді сұраған секунданттың спортшысына ескерту беріледі;
13. Спортшыға қосымша 1 минуттық белдесу кезінде ұстасуға кедергі келтірсе ескерту беріледі.

## **8.2 бап – Тыйымға байланысты ескертулер**

1. Егер жарияланған (шакырылған) спортшы кілемге 30-59 секундқа кешігіп қалса, оған алғашқы ескерту беріледі. Егер ол 60-89 секундқа кешіксе ол екінші ескерту алады. 90 секунд немесе одан да көп кешіккенде ол үшінші ескерту алады, яғни ол келмеген болып саналып жеңіліс табады. Дисквалификацияға ұшырайды және рейтингте нәтиже бермейді. (таблодағы төреші екі спортшы жарияланғаннан кейін бірден таблодағы уақытты қосады).
2. Егер спортшы уақытты созуы үшін белбеуін әдейі реферидің рұқсатынсыз шешсе.
3. Күрес кезінде спорттық этиканы бұза отырып, қарсыластың басынан әдейі аттап өткен жағдайда ескерту беріледі.
4. Егер спортшы қарсыласымен ұстаспай жатып аяқтан тепсе оған ескерту беріледі. Қарсыласын тепе-теңдіктен шығармай аяқтан тебу әрекеті үшін да ескерту жасалады.
5. Егер спортшы қарсыласының саусақтарын немесе шашын, сондай-ақ береннің белбеуден төменгі етегін қолымен бүріп ұстаса, оған ескерту беріледі. Қарсыласының шолақ шалбарын немесе аяқ бөліктерін ұстаған жағдайда да ескерту жасалады. Спортшы қолының білек немесе саусақ бөлігі қарсыласының аяғына немесе қысқа шалбарына тисе, ол аяқтан ұстау деп саналады.
6. Әдіске кірген қарсыластың тірек аяғын артынан іштен қағу.
7. Екі қолымен қарсыластың тек мойынын қысып әдіс жасауға, қарсыластың шынтақ, тізе және иық буындарына зақым келтіретін әдіс-тәсілдерді қолдануға болмайды.

**Ескертпе:** Алайда, егер шабуылға ұшыраған спортшы шабуылды тоқтату үшін қолын кілемге тигізсе, қарсыласының аяғын немесе белінен төмен ұстаса, рефери күресті «ТОҚТА» командасымен тоқтатпауы керек. Ол шабуылдың аяқталуын күтіп, оны бағалап, содан кейін тиісті ескерту беруі тиіс.

8. Егер спортшы өз жағасын бір немесе екі қолымен ұстап, қарсыласына ұстасуға мүмкіндік бермесе.
9. Егер спортшы ұстатпау үшін беренінің жеңін жинап немесе оны қолтығына дейін тықпаласа.
10. Егер секундант ережеге сәйкес келмейтін киіммен шықса, оның спортшысы ескерту алады.
11. Спортшы беренінің талапқа сай келмеуі.
12. Егер төрешілер алқасы спортшының біреуінің тыйым салынған әрекетті орындап жатқанын байқамаса, онда басқа спортшыға дауыспен немесе пәрменмен белгі беруге рұқсат етіледі. Жалған сигнал беру тыйым салынған әрекет ретінде қарастырылады және жазаланады.

## **9 ТАРАУ. «ҚАТАҢ ЕСКЕРТУ» (дисквалификация)**

1. Егер спортшы жарыста әдісті басымен төмен қарай кілемге қадалып істесе, өзінің немесе қарсыласының мойын омыртқаларына ауыр жарақат алу қаупі туындаса, ол бірден жарыстан шеттетіледі. Ал егер баспен төмен қозғалыс әдістің бағытына сәйкес болмай, мойын омыртқаларына салмақ түспей және басы кілемге қауыпсыз тисе, онда спортшы жарыстан шеттетілмейді. Ереженің осы тармағы белдесу кезіне де қолданылады. (5.7 бапты қараңыз).
2. Балалар, кіші жасөспірімдер мен жасөспірімдер (U13 – 12–13 жас, U15 – 14–15 жас, U17 – 15–16 жас) арасындағы жарыстар мен жаттығуларда баспен төмен қауіпті қозғалыс жасаған спортшы бірден шеттетіледі. Сондай-ақ балалар, кіші жасөспірімдер мен жасөспірімдер (U13 — 12–13 жас, U15 — 14–15 жас, U17 — 15–16 жас) арасында іштен аяқты орап, артқа кеудеден асыра лақтыру әдісін орындауға тыйым салынады.
3. Егер спортшы қандай да бір әрекеттерді пайдаланып, қарсыластың денсаулығына зиян келтірсе;
4. Егер жарыста спортшы немесе команда өкілі спорттық этиканы бұзса және төрешіге немесе қарсыласқа құрметсіздік танытса, өз пікірін айтып дауласса, тағзым етпесе, жеңіс жарияланғанда рефериге бағынбаса, беренді көпшіліктің көзінше шешсе, рефери-делегаттың (бас төрешінің) шешімі бойынша ол жарыстан шеттетіледі;
5. Күрес кезінде қарсыластың шашын, құлағын, жыныс мүшесін жұлу, шымшу, тістеу, саусағын немесе саусақтарын бұрау, тебу, баспен ұру, тұншықтыру, қарсыластың өміріне қауіп төндіретін немесе аяқ-қолдарының сынуы немесе шығуына әкелетін әрекеттерді, бетінен ұру сияқты әдістерді қолдану, қасақана (әдейі) қарсыластың басын төмен қарата кілемге тігінен қадап әдіс жасауға және т.б. әрекеттерді, қимылдарды немесе әдістерді орындауға тыйым салынады;

6. Төрешілерді қорлауға, моральдық-этикалық тұрғысынан айыптауға тыйым салынады.

«ЕСКЕРТУ» – төреші бұл пәрменді көрсеткеннен кейін қолын тиісті спортшының иығына қарай бағыттайды.

**Бірінші «ЕСКЕРТУ» – қарымта ұпайсыз;**

**Екінші «ЕСКЕРТУ» – қарымта ұпайсыз;**

**Үшінші «ЕСКЕРТУ» – қарсыластың пайдасына, ол «АЙҚЫН БАСЫМДЫЛЫҚҚА» тең.**

«ҚАТАҢ ЕСКЕРТУ» – «АЙҚЫН БАСЫМДЫЛЫҚҚА» тең.

## **9.1 бап – Негативті күрес**

Егер спортшы кілемде шегініп, ұстасудан бас тартса немесе дәрекілік танытса, ол ескерту немесе дисквалификация алады.

## **10 ТАРАУ. Наразылық**

### **10.1 бап – Наразылық**

Күрес аяқталғаннан кейін төрешілер алқасы қабылдаған шешімге қарсы ешқандай наразылық немесе CAS және кез-келген басқа юрисдикцияда берілген шағымдар қабылданбайды. Кілемде жеңіс жарияланғаннан кейін ешқандай жағдайда да күрес нәтижесі өзгеруі мүмкін емес. Команда өкілі наразылық протестін төрешілер алқасының төрағасына тек жазбаша түрде бере алады.

Егер UWW-дің өкілі немесе төрешілікке жауапты адам төрешілер алқасының күрес нәтижесін өзгерту үшін өз өкілеттіктерін асыра пайдаланғанын байқаса, олар бейнематериалды көре алады және UWW Бюросының келісімімен халықаралық төрешілер алқасының ережелерінде қарастырылғандай жауапты адамдарға санкциялар сала алады.

## **11 ТАРАУ. МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК**

### **11.1 бап. Медициналық көмек**

Жарыс ұйымдастырушысы салмақ өлшеу алдында медициналық тексерулер жүргізуге жауапты медициналық қызметті ұсынуға және күрес кезінде медициналық бақылауды жүзеге асыруға міндетті. Жарыс бойы жұмыс істеуге міндетті медициналық қызметті UWW-дің жауапты дәрігері басқарады. Медициналық талаптар арнайы ережелерде сипатталған.

Дәрігерлер қатысушылардың салмағын өлшемес бұрын спортшыларды тексеріп, олардың денсаулық жағдайын бағалайды. Егер қатысушының денсаулығы нашар немесе өзіне немесе қарсыласына қауіп төндіреді деп есептелсе, ол жарысқа қатысудан шеттетілуі керек.

Медициналық қызмет өкілі жарыс кезінде жазатайым оқиға орын алғанда жағдайға араласып, спортшының жарысты жалғастыруға қаншалықты дайын екенін анықтайды. Қатысушы командалардың дәрігерлері жаракат алған спортшыларды емдеуге толық құқылы, бірақ дәрігер жүргізген емдеу кезінде тек жаттықтырушы немесе команда өкілі жақындай алады. UWW немесе QKA ешбір жағдайда спортшының жаракатына, мүгедектігіне немесе өліміне жауапты болмайды.

Қазақ күресінен өткізілетін барлық деңгейлі жарыстарда реанимациялық көмек көрсету мүмкіндігі бар «Жедел жәрдем» бригадасы кезекшілік атқаруы міндетті.

### **11.2 бап - Медициналық қызметтің араласуы**

а) UWW-дің жауапты дәрігері жарыс кезінде спортшыға қауіп төніп тұр деп есептеген жағдайда кілем жетекшісі арқылы кілемдегі күресті кез келген уақытта тоқтатуға құқылы әрі міндетті. Бастапқыда тек UWW-дің дәрігері жаракатты емдейді. Егер оған қолдау қажет болса, ол спортшылар командасының дәрігерін немесе спортшының жаттықтырушысын көмекке шақырады.

б) Сондай-ақ, ол спортшылардың бірін күресті жалғастыруға жарамсыз деп жариялап, күресті дереу тоқтата алады. Ауыр жарақат жағдайларын қоспағанда, спортшы ешқашан кілемнен кетпеуі тиіс. Спортшы жарақат алған жағдайда кілемдегі рефери дереу дәрігердің араласуын талап етуі керек; егер жарыс дәрігері жарақат туралы

хабарламаса, рефери кілем жетекшісінен санкция сұрауы керек.

в) Егер спортшыда көзге көрінетін жарақаты бар болса, дәрігерде жарақатты емдеуге қажетті уақыты болады және ол спортшының күресті жалғастыра алатынын немесе алмайтынын шешеді.

г) Қан кету жарақатын емдеуге қажетті спортшыға күрестің уақыт ұзақтығына ең көбі 4 (төрт) минут беріледі.

е) Кез келген медициналық дау туындаған жағдайда спортшы командасының дәрігері кез келген қажетті емге араласуға немесе медициналық қызмет қабылдаған шешімге қатысты кеңес беруге құқылы. Төрешілерге күресті тоқтатуды тек UWW-дің медициналық комиссиясының делегаты ұсына алады. UWW-дің медициналық комиссиясы ұсынылмаған халықаралық жарыстарда күресті тоқтату туралы шешімді жарыс дәрігері, UWW-дің делегатымен немесе тағайындалған UWW-дің төрешісімен және жарақат алған спортшы командасының дәрігерімен келісе отырып қабылдайды.

ж) Спортшыға күресті жалғастыруға тыйым салу туралы шешімді қабылдаған дәрігер бұл спортшылардың азаматтығынан бөлек болуы тиіс және оның тиісті салмақ дәрежесіне еш қатысы болмауы керек. Мұндай жағдай туындаған кезде шешім рефери-делегат тағайындаған басқа дәрігерге беріледі.

з) UWW-дің халықаралық жарыстарында туындаған алғашқы көмек көрсетудің (емдеуге жатқызуды талап етпейтін) барлық шығындары ұйымдастырушының есебінен жүзеге асырылады. Ауруханаға жатқызуды қажет ететін жарақаттар сақтандыру компаниясына (картаның артқы жағында көрсетілген нөмір бойынша) сол күні хабарланған жағдайда ол UWW-дің лицензиясымен жабылады.

и) Егер спортшы жарақат алса және күресті жалғастыра алмаса, ол осы жарақаттың салдарынан жеңіледі. Жарақаттанған спортшыға жарақат алғанға дейін жинаған ұпайлары негізінде рейтинг қорытындысы беріледі. Егер жарақат алған спортшы келесі айналымға күресуге дайын болса, ол UWW дәрігерінің келісуін алуы тиіс.

### **11.3 бап – Салмақ түсіру**

UWW жарыста салмақ түсіруге қатысты келесі ережелерді қабылдады: сусыздандыру немесе калорияларды шамадан тыс шектеуге, диуретиктерді, құсуды, іш жүргізетін дәрілерді қолдануға және құсуды өз бетінше шақыру тәжірибесіне UWW-дің тыйымы салынады. 18 жасқа толмаған спортшыларға сауна (бу бөлмелері) немесе бу өткізбейтін костюмдерді (весогонка) пайдалануға тыйым салады.

### **11.4 бап - Медициналық шеттету**

Егер спортшыға жаттығу немесе күрес кезінде құлау салдарынан басына зақым келсе, ол жарыстарға қатысудан 60 күнге (зақымға байланысты ең аз дегенде 45 күн және ең көп дегенде 90 күн) шеттетіледі. Егер медицина қызметкерлерінің пікірінше, жарақат спортшының басына зақым келтірсе, аталмыш ереже қолданылады. Егер бастың ауыр зақымдануы диагнозы қойылса, спортшы белгісіз мерзімге немесе UWW оның жарысқа оралуын мақұлдамайынша шеттетіледі.

Ұлттық федерациялар әрбір медициналық шеттетудің спортшының лицензия кітабында дұрыс тіркелгеніне және спортшылардың халықаралық дерекқорға тіркелу үшін UWW-дің кеңсесіне жіберілгеніне көз жеткізулері керек.

Қазақ күресінен халықаралық жарыстарға тағайындалған дәрігерлер UWW-ге жарақаттар мен ауыр соққылар туралы толық есеп беруге, сондай-ақ спортшыларды шеттету бойынша өз ұсыныстарын және/немесе шешімдерін ұсынуға міндетті.

## **11.5 бап - Допингке қарсы**

UWW Конституцияның ережелеріне сәйкес және ресми түрде тыйым салынған допингпен күресу мақсатында спортшылардан ресми күнтізбедегі барлық жарыстарда тексеріс немесе тест тапсыруды талап ету құқығын өзіне қалдырады. Бұл ереже UWW Регламентіне сәйкес континентальды және Әлем чемпионаттарында, сондай-ақ ХОК ережелеріне сәйкес Олимпиада және континентальды ойындарда қолданылуы керек.

Ешбір жағдайда да қатысушылар немесе лауазымды тұлғалар UWW-дің допингке қарсы ережелерінде қарастырылған мұндай тексерістерге қарсылық таныта алмайды. Әйтпеген жағдайда олар UWW-дің санкцияларына ұшырайды. UWW-дің медициналық комиссиясы осы тексерістің уақытын, санын немесе жиілігін анықтайды, сынаманы қолайлы деп санайтын кез келген тәсілмен жасайды. UWW-дің сертификатталған дәрігері тиісті сынаманы тестілеуден өтіп жатқан спортшыдан оның өкілінің көзінше алады.

Жарыс кезінде допингке қарсы бақылауды ұйымдастыру мен оның қаржылық шығындарын қабылдаушы ел мен ұлттық федерациялар өтейді.

Оң нәтиже тіркелген жағдайда UWW-дің допингке қарсы регламентінде көрсетілген санкциялар қолданылады. Себебі UWW ХОК қол қойған және Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік (WADA) қабылдаған есірткіге қарсы конвенцияға бағынышты, сондықтан оның барлық ережелері, процедуралары мен санкциялары UWW-де қолданылады.

Спортшыға қарсы қолданылған UWW-дің допингке қарсы ережелерінде көзделген барлық апелляциялық шаралар таусылғаннан кейін, Лозаннадағы (Швейцария) Спорттық төрелік сот (CAS) апелляциялық орган болады.

## **12 ТАРАУ - ҚАЗАҚ КҮРЕСІНІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІН ҚОЛДАНУ**

Осы Ереже барлық алдыңғы басылымдарды алмастырады.

UWW-дің Атқарушы Бюросы Біріккен Күрес әлемінің қазақ күресінің техникалық ережелерін жақсарту мақсатында қалаулы болып саналатын жоғарыда аталған ережелердегі кез келген өзгерістерге қатысты шешімді қабылдайтын жалғыз орган болып табылады.

Осы Ережелер Атқарушы бюро қабылдаған барлық ықтимал өзгерістер немесе түсіндірулер бойынша шешім шығаруға шақырылатын келесі Конгреске дейін осы типтегі жалғыз жарамды құжат болып табылады.

Сот талқылауы жағдайында тек ағылшын тіліндегі мәтін жарамды.

Ұлттық федерациялар бұл құжатты өздерінің ресми тілдеріне аударулары керек.

Жарыстағы әрбір төрешіде өз тілінде және UWW-дің ресми тілдерінің бірінде (француз немесе ағылшын) осы Ережелердің көшірмесі болуы тиіс.

Төрешілер алқасы ресми тұлғаларының пәрмендері  
R - рефери, С - кілемнің жетекшісі.



Ережелердің толық шолуын төмендегі сілтеме бойынша таба аласыз:

<https://youtu.be/v5BVUfv-K8Q?si=qRTUJyC17kOJMhKR>

	<p>Төрешілік жұмыстың басталуы</p>	<p>Төреші кілемге бірінші болып шығып, тағзым етеді</p>
	<p>Спортшыларды кілемнің ортасына шақырады</p>	<p>Төреші спортшыларды кілемнің ортасына шақырып, қажет болған жағдайда оларды өз орындарына баруды сұрайды</p>
	<p>ТАЗА ЖЕҢІС</p>	<p>Төреші «ТАЗА» деп дауыстап айтады және тиісті түсті білезігі бар қолының алақанын ашып, алға қарата жоғары көтереді.</p>
	<p>«ЖАРТЫЛАЙ ЖЕҢІС»</p>	<p>«ЖАРТЫЛАЙ ЖЕҢІС» деп дауыстап айтылады, тиісті түсті білезігі бар қол алға созылып, көкірек деңгейіне көтеріледі, алақанын жазып, қырымен төмен ұстап тиісті спортшыға бағыттайды</p>

	<p>«ЖАМБАС»</p>	<p>«ЖАМБАС» деп дауыстап айтылады, тиісті түсті білезігі бар қол алға созылып, көкірек деңгейіне көтеріледі, жұдырығын жұмып, тиісті спортшыға қарай бағыттайды.</p>
	<p>«ӘДІС НӘТИЖЕСІЗ»</p>	<p>Әрекет нәтижесіз Реферидің қолдары кілем жетекшісіне бағыттталып, алақандары төмен қараған күйі белге дейін көтеріледі, екі қолы айқастырып көрсетеді</p>
	<p>Уақытты тоқтату</p>	<p>Алақанын төмен қаратқан қолға астынан екінші қолдың саусақтарын тігінен тірейді</p>
	<p>БЕЛДЕСУ</p>	<p>Рефери екі қолын кеуде тұсына көтеріп, байлайды</p>

	<p><b>ЕСКЕРТУ</b></p>	<p><b>Тиісті ескертудің пәрменін көрсетіп, қолын тиісті спортшыға бағыттайды</b></p>
	<p><b>ЕСКЕРТУ</b></p>	<p><b>Қолымен аузын көрсетіп, тиісті спортшыға ескерту бағыттайды</b></p>
	<p><b>ЕСКЕРТУ</b></p>	<p><b>Саусақтан ұстағаны үшін ескерту пәрменін көрсетіп, тиісті спортшыға бағыттайды.</b></p>

	<p><b>ЕСКЕРТУ</b></p>	<p><b>Тіреп күресу немесе қорғаныс қалпында жүргені үшін ескерту пәрменін көрсетіп, тиісті спортшыға бағыттайды.</b></p>
	<p><b>ЕСКЕРТУ</b></p>	<p><b>Тізеден жасалған әдіс үшін ескерту пәрменін көрсетіп, тиісті спортшыға бағыттайды.</b></p>



UNITED WORLD  
**WRESTLING**